

Дәулет ЫРЫСБАЙҰЛЫ

НҰР



Дәулет Ырысбайұлы

НҰР

Өлеңдер, драмалық поэма

Қарағанды
2005

Дәулет Ырысбайұлы.

НҰР: Өлеңдер, драмалық поэма.

— Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005. — 200 б.

ISBN 9965-674-71-X

Ақынның бұл жыр жинағына әр жылдары жазылған өлеңдері мен Арқаның ардақты ақын-сазгері Мәди Бәпиұлының өмірінен алынып жазылған драмалық поэмасы еніп отыр. Тағдырлы жырлардың ойы анық, бояуы қанық. Жатық оқылады, жүрекке жылы тиеді.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

ISBN 9965-674-71-X

© Д.Ырысбайұлы
© Қарағанды маңызды білім
беретін "Болашақ" институты
"Болашақ-Баспа", 2005

Әр жылдары айтылған пікір, көзқарастар

* * *

*...Соңыңнан ерген толқынға қарайлап жүрген
занибет қой. Толқын-толқын ауысып жататын
әдебиет дейтін қоғамдық тірі организмде соңғы
буынның жүгі алдыңғысынан гөрі ауырлау
болады. Сондай үлкен жүкті еншілеген ет жақын
талантты інілеріміздің бірі - осы Дәулет
Ырысбайұлы.*

*... Дәулеттің өлеңдерінде жеңіл сөзден гөрі
салмақты ой, салиқалы байлам көбірек. Асан
қайғы, Ақтанберділерді жатқа оқитын ол, Абай
ауылына ат шалдырған тұста, көкірек
көмбесінде байлаулы тұрған дәстүрлі ақпа
жырдың тізгінін босатып жіберсе...*

*Қазақ өлеңіне өз дауысымен үн қосатын ақын
болғалы тұр. Сәт сапар дейін ендеше!*

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,

ақын,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

1994.

... Қазақтың ұлттық болмысын баршаға бағамдатып, наш ететін рухани асылы - жасырлар бойғы жасаған поэзиясы. Өзге жұрттар алдында рухының биіктігін, еңселі екендігін де ата-бабаларымыз сөз қадірін қастерлеп, сөз түйінін түсінуімен білдірген, сөзбен сурет салған, адамзат баласының тарихиындағы қоғам, болмыс, уақыт, сана ұғымдарын сол сөз өнеріне сыйғызған. Әрине, осындай тұрпаттағы поэзияға талғаммен талап та күшті болмақ.

Өлең өлкесінде талпынып жүрген Дәулет бауырымызды екі аяқты, жұмыр басты пенде жұмырындағы алуан түрлі жайттар толғандырады, тал бесік пен жер бесік арасындағы адам өмірінің күнгейі мен көлеңкесі, шуағы мен ымырты тебірендіреді. Нәзік лиризм, психологиялық тебіреністен гөрі ой-толғақ, талғам-толғау сипаттары басымырақ байқалады. Осынау ерекшеліктерді екішей келе, талапкер талантының қандай проблемалар төңірегіндегі сонылау байқалатынын аңғаруға болады. Адамзат қоғамындағы оқиғалар мен құбылыстарды өз жүрегінен өткізіп, толғанысқа берілуі, талғамға талпынуы қуантады.


Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

2000.

... Өмір құбылыстарын көкірек көзімен көре білмейтін адамнан ешқашанда ақындық шықпайды. Бұл орайда ақын Дәулет Ырысбайұлының жөні бөлек. Осыдан біраз жыл бұрын қауырсын қаламын қолына ұстнап, өлең өлкесінде із тастаған талапты жігіт бүгінде өзінің айтар ойы бар, сөз саптасы бөлек қаламгерлер қатарында тұр десек, артық айтқандық емес. Жан-дүниесінің сан қырлы жарқылын санаулы шумақтарға сыйдыруға шеберленген ақынның тау бұлағындай мөлдір жырлары жан жадыратар Сарыарқа самалындай сырлары қазақ поэзиясының шалқар дариясына барып құйсын дейміз. Жыр аспанында қыран қанатын, талмай, өлең биігінің шырқау көгінен көріне бер, Дәулет!

Мағауия СЕМБАЙ,
Қарағанды облыстық "Орталық Қазақстан"
газетінің бас редакторы

2004.



Менің жаным

Ұлым — Қосым,
Қызым — Досым.
Жарым — Маңым,
Елім — Көшім
Барым Осым!

Қосым — Үйім,
Досым — Биім.
Маңым — Күйім,
Көшім — Жиын.
Осы сыйым!

Үйім — Отан,
Биім — Ботам.
Күйім — Құба таң
Жиын — Жаһан!
Сыйым — Батаң!

Отан — Арман,
Киём — Қаным!
Осылардан —
Менің жаным!
Осы барым!



Жүректегі жүк

Шекемнен бара жатыр шерім өтіп,
Ет жүрек күйін шертер еңіретіп.
Арманыма жеткізбей қойды емес пе,
Өкшемді өгейсінген жебір етік.

Жәутік пенен жаманнан жаза көрдім,
Назаланып жүрдім де, азап өрдім.
Өлең деген киелі, өлмейді ғой,
Әйтеуір жаза бердім, жаза бердім.

Маңдайыма жазғаны... жаза бердім,
Жаза берем, әй, малғұн, маза бергін.
Маза бер, жүрек жүгін ақтарайын,
Тие берме намысына назалы ердің.

Тарыдай миыменен дақыл танып,
Тауық қашып құтылмас қыт-қытынан.
Абызға ұқсап тұратын, ақыл тамып,
Түңілдім сайқалдардың сықпытынан.

Алаңдап мынаған да, анаған да,
Талаппен келіп едім, талдым одан.
Тағдырымды тобырлар тонағанда,
Халқымның арқасында қалдым аман!

Шығып кетем бір күні

Құлға құдай - бұл ие де,
Үмбеті мен көне бердім.
Өзін алдар дүниеге,
Өзімше боп неге келдім?!

Абыройсыз ірілікті,
Айтып кетуге хақым бар,
Көлеңкедегі тірлікті,
Көретін көз — ақындар!

Жеткен жерім, жиіркенішті,
Айниды жүрек амалсыз.
Ал, анаған бәрі келісті,
Маған дүние жамалсыз. -

Құдай емен өзіме өзім,
Ел қатарлы сүйретілем.
Ұқсамайды өзіме ізім,
Сөзбен салған сурет ілем.

Өлең шіркін, бір күйі кем,
Тылсым сырды ашуға нық.
Қайда барам, бұл дүниеден,
Шығып кетсем ашуланып?!

2003.

Рух ілімі

Тәнім рух — жанымды қызғанады,
Тәлім-ой — арымның мұзбалағы.
Жаным тәнімнің зәресін алып,
Көкке кезін тігіп, сызданады.

Жаным жақтады жалғанды мына,
Жалғанның сеніп жалғандығына.
Тәнім жанымның арқасында жүр,
Сүйреп жаным мен арманды мына.

Тәнім жанымды бір пайдаланбақ,
Жансыз тәнім де, бұл қайда қалмақ?!
Жаным тәніме тыртығын салып,
Өзі өзгеше бір жайға бармақ!

Көңіл айт көрсең күпті жандарға,
Хайуан рухты тіпті таңдар ма?!
Шырылдаған жан шыбынға да тән,
Тәніңе тәнті рухты жан ғана.

Рухсыз бойында болса жаны бар,
Оның да жейтін жемдік наны бар.
Қасиет, рухтан қағажу қалған,
Әрине, ол — жаны бар жануар!

2003.

Отан туралы ой

Есі бар ерің өзінді ғана қорысын,
"Отаным" - деп айта да алар сол үшін.
Атаның ұлы аттандап шығу парызың,
Отанға құрмет қарызың емес, борышың.

Кірбің кездерінді Отан алдында бұлдама,
Күйбең тірлікті береді құдай құлға да.
Отанын сүйген — Отаны үшін күйгендер,
Отаны үшін жанын арнаған ұл ғана!

Отанға сый ет өнерің менен ісінді,
Отаның үшін аяма қуат, күшінді.
Еліңе арна, жеріңе қада бір талды,
Ұмыта көрме: "Тек ғана Отан үшін-ді"!

Халықшыл Адам — Отаныменен сол құрдас,
Отанның оты — халықтың тоны тоңдырмас.
Елін күндейтін, жерін сүймейтін опасыз,
Жаһан дүниені — Жер шарын да оңдырмас.

Отаным менің — Қазақстаным, той елі,
Өлеңім ғана өлтірмес мені - ой емі.
Кіналай көрме ақылын айтып кетті деп,
Отаным үшін айтайын деген ой еді!

2002.

Тәуелді боп көргем жоқ

Ел тарихы шықпайды әсте есімнен,
Төбелестің талайы өткен төсіңнен.
Бостандықты аңсаған бас кесілген,
Мына бізді бассыз дене өсірген!

Келіскен дос тайғанда ақ жолыңнан,
Билігімді алғанда алдап қолымнан.
Адасып қап оңым менен солымнан,
Аман қалған ұрпақпыз біз оғыңнан!

Болған шығар құптағаным "дегенді",
Үзіп шықтық желіні де, көгенді.
Жек көремін мүжіп, мүсіркегенді,
Өлімтіктей көрмейді ешкім өр елді!

Өзін-өзі бодан деуге болмайды,
Өсер елді рухы ғана қолдайды.
Құл емеске құлсың десе, сол қайғы,
Біріккен елді, іріткен ер оңбайды!

20.10.96.

Ойымдағы Отаным


Жазған өмір шар айнасын,
Болашаққа мен бір дерек.
Аямайтын бар айласын
Пысықтары табар қорек.
Адалдардың орны бөлек,
Отан деген солар демек,
Ал, Отансыз жапандағы
Жалғыз үйің кімге керек!

Болар шағың, болмасын қап...
Отан - Атам, батасы бақ!
Ботасына атасы жақ.
Отан - Анам ботасырап,
Баласына бата сұрап,
Еңбек етер еркең ертең,
Елінің сол батасын ап!

Бақыт кілті данасында,
Парасатты баласында,
Байлығы Жер-Анасында,
Аласы мен құласы жүр,
Жалпақ жұрттың арасында,
Жалған белгі жағасында.

Жемтігіне бара қонған,
Табысым деп, талап алған,
Қарайласпай, қалап алған,
Ойланбастан Отанынан,
Алары көп аға болған
Сыбағасыз бала... қалған!

Айтарым жоқ жеңсе ерің.
Көтереді кеңселерім,
Көрінгеннің еңселерін,
Арасынан көріп жүрмін,
Ары биік - ел сенерін.
Жаратқанның өлшегенін,
Елім Аман көрсе дедім,
... Көрсе - Керім!



Отан аман болсыншы

"Ойнақтасын алдында ботам-балам" —
Осы оймен өткенді атам-бабам.
Орындалып арманы аналардың,
Отан аман болсыншы, Отан аман!

Отансыз ойың алаң, қараң күнің,
Ұлысың ұсынады саған гүлін.
Сен де, мен де, тілесін ол да бүгін,
Осынау Отанымның амандығын!

Дала үшін бабам өткен ат жалында,
Бала үшін анам күйген от, жалынға.
Атам, көкем қорғаған Атамекен,
Кетпесін деп кектескеп жат қолында.

Киелі Отан, басталады бесіктерден,
Ғұлама даналарым өсіпті елден.
Болашағын ойлаған батырларым,
Отан үшін бастарын кесіп берген!

Азапты күн өзіңмен бір көрем мен,
Қазақтығың жоғалса бірге өлем мен.
Ардақты Атамекен - Отанымды,
Е, Құдайым сақтай көр дүрбелеңнен!

2003.

Алланың бұйрығы

Жүрегім жиіркеніп тәнімнен,
Жалғаннан түңіліп тұрма осы.
Ей, өмір, түк шықпас мәніннен,
Ет жүрек құр босқа ұрмашы.

Табиғат ғажайып келісім,
Айтқаны келмейді пенденің.
Бір ғана тәңірімнің сөзі шын,
Өлгенің, қайтадан өнгенің.

Пендеге бұл фәни сыйлығы,
Қанша сен қаныңды қасықта.
Бәрі де Алланың бұйрығы:
Кетем деп, аспанға асықпа!

Тойдырып кішкене қарынын,
Жүргенмен Құдайдың құлы боп.
Қалғысы келеді бәрінің,
Әулие-Әмбие, Ұлы боп!

Бірінен бірі озған шүршіт дау,
Пенделік жүр бүгін құбылып.
Бак, дәулет, даңқты пір тұтпау,
Ұлы Адам сен үшін ұлылық!

2003.

Өлерменнің кеудесі

Жакпай қалған баршаға,
Қателігім қаншама.
Ақиқат іздеп өтемін,
Жеткенінше әл, шама!

Бүктеп алып бөздерін,
Сұркия сұғып көздерін.
Адамға үркіп қарайды,
Биік қойып өздерін.

Шайтан да адам қонағы,
Сайқал да - адам ол әлі.
Іштарлық сол пенде де,
Байқамаған болады!

Сызданады кей көкем,
Досыңда жүр ой бөтен.
Бармақ басты, көз қысты,
Қалып қоям дей ме екен?!

Маған дүние түнеріп,
Кеткенмін саған жыр еріп.
Асылдарын өлтіріп,
Масылдарым жүр өріп!

11.01.2003

Сальериге ұқсайды өзі

Жалғанды алдап кетпейді жаралғандар,
Бейшара өмір кешеді тауып тірек.
Адуынды адамдар адал жандар,
Үндемейтін сорлылар қауіптірек.

Жабырқаған жаныңда тыншыға алмас,
Қалай айтпай кетеді қалам ұшы.
Ақиқаттың алдында үн шығармас,
Көрініп қоятындай харам іші!

Тойымсыздық жетелеп аярлыққа,
Тасыр мінез, әрине бұзған ішін.
Үндемей-ақ өз атын жаяр жұртқа,
Сыйғыза алмай пенделік қызғанышын.

Алдын ала салынған байбалам бұл:
Өзі аумай тұр, Сальериді мысал етіп.
Қызғанышыңнан у ішпеген қай балаң жұр,
Құрметтіңді құртасың құсалы етіп.

Моцарт, Пушкин зұлымдықтан қалған өліп,
Сальери мен Дантестің ұрпағы жұр,
Қулық-сұмдық, өзара алған бөліп,
Бәрібір дүниеде құртары бір !

31.05.2004.

Адам, Ғасыр, Жер-Ана

Тылсым сыр тыңдадым, бір үнге елеңдей қалып,
Қазақтың даласы ежелден өнерге бай халық.
Алтын қазығым- Алашым, Отаным-Анамсың,
Алдыңа келдім, мен бүгіп өлеңге айналып.

Қарлы шындарым қатыгез-арыстан кабак,
Мұнарлы тауларым мұң айтты алыстан қарап.
Қиялшыл адам, қимылсыз тұрып қалады,
Қутірлік мінген құл пенде жарысқанда бақ.

Бұғалыққа көнбес бұлқынған болды арманым,
Жоғалып кете жаздаған ақ жолды шарладым.
Тексізден тепкі көретін жалғанға қарап,
Құрбака емес, құлан құлар орды таңдадым.

Тостақан көзге толқысам молынан толар мұң,
Бұл, толқып айтқан сөзімді, торыңнан табар кім?!
Аламан ойдың алпауыт зергері көп өткен,
Өзімде кетіп барамын соңынан солардың.

Сұңғыла ойдың шырағын жағамын санамда,
Бар шығар сыбаға-сыйы даламның маған да,
Тауым меп тасым талықсып мұңын айтқанда,
Сұраулы жүзбен, ойланып қарадым Адамға.

Жанарға тұнған мұңымды таңғы нұр жасырды,
Ой қылып жинап береді шалғы - жыр асылды.
Адамзат көші, уақыт санап саусағыменен,
Шығарып сап тұр ғаламнан тағы бір ғасырды.

Қалғанда жетек жегілмей, қамыттан қараң,
Қатерден жылайды, қайтесің, қамыққан Анаң.
Қасаң ойлардан санасы суалған кезде,
"Жаңамын" дейді өзінен жалыққан адам.

Кетпейді ешкім тәңірдің әмірінен әрі,
Қара жер тобырдың зәбірінен кәрі.
Соғыссыз атсын ғасырдың ақ таңы, Адам!
Гүл шоғын көрем солдаттың қабірінен әлі.

Ай, күн жылжыды уақыттың жылдары ауып,
Күн көзін бүркеп барады, сұмдары жауып.
Ертеңгі күннің еркесін ойлап, шаршадым,
Жауынгер ғасырдың жаужүрек ұлдары қауып.

Не деген сұмдық, әй пенде, араның аш, арам ,
Керегем шошып, ісіңнен алаң босағам.
Жанымды ойлап, қан төгіп ойнап жүргенде осы,
Аспанға бір сәт қарашы, Жалаңбас Адам!

Сананда сайран салмасын сайтанның сайқалы,
Ақылынды арбап алмасын алтын мен айтағы.
Жалғанға мына сапарын тәмамдап біткенде,
Тәніңіз Жерге, рухыңыз Аспанға қайтады!

Бұла жырларым бұлдыр ертеңіме алаң хат,
ҰЛЫ АДАМ үшін болмасын десең ғалам жат.
Кіл пасық ойларды басыңнан сілкіп таста да,
ҒАСЫР мен ЖЕРДІҢ мұң-зарын тыңда
АДАМЗАТ!

1999.


Бейбіт өмір тіледім жер бетіне

Күн өртемей,
Түнек болмасын жерге түн,
Қасірет басса ғаламшардың келбетін.
Иманымды үйіріп, құманыммен су құйып,
Қайтеді өзі, ғұсылдандырсам жер бетін?!

Иесіз қалса, бөлшектенер бүгінің,
Киесіз болса, қасиеті не үкінің?!
Айдаһардай жалғыз басты жалмауыз,
Жұтпаса екен ізгіліктің тұқымын.

Жазмышқа не істер дейсің құлың түк,
Танаулаған танаңызды жібереді тұлым қып.
Алысуды ар көреді ұлылық,
Мүмкін, жеңіс иеленсе зұлымдық!

06.07.03.



Пенде, сені аяймын

Мен-Мендігін әйгілеген жар салып,
Кемшілігін жасырады жан салып.
Бір- біріне баға берген баршалық,
Өзді-өзіне қарайды екен қаншалық.

Сазбетінде арсыз күлкі, жымысқы,
Періштесі пенделік кеп ,ығысты.
Әзәзілі әнін айтып, тырысты,
Ар-иманы әрі қарай жылысты.

Мұндай жаннан күте көрме қолқабыс,
Жасатарсың жағың талып зорлап іс.
Ақ кептердей алданып кеп ,торға түс,
Аярлардан табам десең ар- намыс.

Ақыл айтқыш өткенде де, кеткенде,
Бәрі дана шерменде зар шеккенге.
Қарамайтын ертеңі мен өткенге,
Мен сендерді аяп кетем Көп пенде!

17.07.2003.

Балама

Сыр - сезім алам өлеңге,
Бейкүнә сәби өзіңнен.
Адамзат біткен әлемге,
Қарасын сенің көзіңмен!

Барша жұрт бүгін құптаса,
Бейбіт күн сенде ырыс-құт.
Береке - балаң ұйықтаса,
Қалғыған ғажап тыныштық!

Алаңсыз өсші тұмарлым,
Қалың бұлт шалмай құз басын
Сойылы соғыс құмардың,
Ұйқыңды сенің бұзбасын!

Құдіретін сен де кор енді,
Сен де қос ертең сөзіңе
Мен жүрген мынау әлемді,
Қалдырам ботам өзіңе!

"Көзімді ашып көргенім? -
Баласы текті Атаның.
Сыйлап өт, сыйға бергенім,
Әлемің осы - Отаның!

Еліңнің батыр - нары көп,
Елі үшін өткен бақсыз да.
Отаның үшін жанып өт,
Отан жоқ балам Отсызда!

Кәдеге ертең жарасан,
Еңбегім елге шексіз де
Ақылымды менің қаласан,
Жолдас боп кетпе тексізге.

Айбының барда бойыңда,
Алыс жүр атаққұмардан.
Дақпыртшыл, даңғой ойындар,
Ессіз қып ерді шығарған.

Шығарам десең атыңды,
Болмасын бойда арың дау.
Айту да қиын ақылды,
Одан да қиын орындау.

Айтылып маған қалар сын,
Адасып мен де келемін.
Көсем көзіңмен қарарсың,
Мен саған ботам сенемін!

Қызығын сен де көр енді,
Сен де қос ертең сөзіңе.
Мен жүрген мына әлемді
Қалдырам балам өзіңе!..

08.01.2002.

Үш балам - үш талым

Таласа кеп тағдырыма мелшиген,
Тамырымнан бұтақ еггім жеміс иген.
Балаларым сендер менің бақытым,
Құдай сүйген үшеуіңді, мен сүйгем.

Балаларым - барым менің, жалғасым,
Қызыр болсын қиындықта жолдасың.
Екі гүлім ешқашанда солмасын,
Ақ тұйғыным - қос қанатын қомдасын.

Әлі аңкиды, сез жөргектің иісін,
Жаралғандар көңілімнің күйі үшін.
Мына өмірдің тақтасында мың ойын,
Тек үшеуің жеңіп шығар биісің!

Үшеуіңнен үш жүзіме жұрағат
Тарасыншы, мына менен мұра қап.
Келген құстың керуенінен ой тізіп,
Аспаныма қараймын мен тұра қап!

Үш бүршігім, үш бұтағым, үш талым,
Үшеуіңнен үш күдірет құшқаным.
Үмітімді елес етіп көремін,
Үш талымнан үш топ құстың ұшқанын!

Кім болғың келеді?

"""""" Ұшқыш болғым келеді!"

Қ.Аманжолов.

Шапағатын шашатын,
Айқын, Анық дерегі.
Құпия сырын ашатын
Ғалым болғым келеді!

Жүрегіңнің бір емі,
Таң қалдырған өлеңі.
Сөзі мәнді, сүбелі,
Ақын болғым келеді!

Жаралған жан текті ізден,
Парасатты, өрелі.
Айтқан сөзін өткізген,
Әкім болғым келеді!

Халқын, елін қолдаған,
Отанға сол керегі.
Сырттан елін қорғаған,
Сардар болғым келеді!

Ауырғанды тәуір ғып,
Дәрі-дәрмек береді.
Бар адамды бауыр ғып,
Дәрігер болғым келеді!

Халық - сәби қашаннан,
Ерлеріне сенеді.

Тас мүсін боп жасалған,
Батыр болғым келеді.

Сенбесе де басқаға,
Адалды Адам көреді.
Айналмай-ақ патшаға
Адам болғым келеді!



Ұлым Ахметке

Сотанағым,
Тентегім,
Бұзығымсың!
Қыдыр тербеп,
Сыйлаған қызығымсың!
Үйде туды дегенім болмаса,
Ертең,
Балағынан бақыт тамған
Тұз ұлысың!

Тентегім-ау,
Тілеуіңді көп тілесін.
Аз жылайсың,
алдымда тек күлесің.
Дидарыңда дүниенің
саған деген,
Өзіңе шақ орын бар
деп білесің!

Кешірімшіл бола біл,
кекті болмай,
Көп адам жүр арманға
өптіре алмай,
Балалықта бәрі де
жарасымды,
Бүгін тентек, ал ертең
текті болғай!

07.05.2003.

Балалық шақ

Ойнақтаған еркемсің, ойнақтаған,
Жастығың жабырқауды ойлатпаған.
Қылығыңа қызығып отырам да,
Мен өткен күндерімді ойлап қалам.

Ақ боталы дәуренің - әдемілік,
Әр сәтінді жанарына әлем іліп.
Сен ғана бақыттысың бұл ғаламда,
Сен ғана періштесің сәлемі құт.

Сен ғанасың тұп-тұнық таза бұлақ
Балалық шақ, әрине ғажап бір бақ.
Өзіңе ай мен жұлдыз жұмбақ айтып,
Аспанда Күн тұрады назарын сап.

Айтарына ойланып, іркілмеген,
Бар балалық сөйлейді бір тілменен.
Сәби етіп қайтадан жарат дер ем,
Тәңір келіп сұраса бір күн менен.

Маған да өмір ештеңе ойлатпаған,
Болашаққа сол бетім тойлап барам.
Менде осы ғұмырыма ырзамын ғой,
Қайдан болсын, бірақ, сендей ойнақтаған.

Бой ұсынып отырсың ертегіме,
...Көңілімді өткен күн өртеді ме?!
Былдырласа берейін өзіңменен,
Аманатты апарарсың ертеңіме!..

Ақ шағала

*Кішкентай биші
Айзат Жексенқызына*

Асау толқын ашулы, соғып жардың жиегін,
Асау бір күй жұлқиды домбыраның тиегін.
Ақ қайыңдар билейді-аруларым сырласып,
Ақ мамықтай ұшады, Ақ шағала - Киелім!

Әппақ құсым толқынның еркелеген еркесі,
Атаң жазған өлеңдей өзегімді өртеші.
Ақ шағала аман жүр арқалаған өнерді,
Өнер сүйгеп өлтірмес өз еліңнің өркеші.

Ажары мен ақылын, санасына сай құрған,
Ақын атаң армандап, есімінді "Ай" қылған.
Мөлдір судың бетіне көлеңкесіп түсірмей,
Өз бейнесін көреді Ақ шағала айдыннан.

Үкі тағып берген соң, үміт неге алдасын?!
Жұдырықтай жер шарын, шағала-қыз шарласын.
Жатса ғалам шақырып, алақаны нұр тілеп,
Патша далаң басыңа, ақ батасын арнасын!

Қарындасыма

Жаным менің, жанашыр қарындасым,
Жанарыңнан сәби күлкі арылмасын.
Ауылдан арман қуып кетсем де алыс,
Қарындасым, сен менің жанымдасың.

Тәтті болып балдан сен жаралдың ба?
Жастық сенің тұнып тұр жанарыңда.
Жадырап қарсы алдымнан шыққаныңда,
Шапатайсың шашылған таң алдында!

Бақытым менің, балдай тәтті сөздерің,
Балауса шағың, балдырған бұла кездерің.
Тұра бер осы кейпінде ботам десем де,
Есею кездің ертеңін айтқан көздерің.

Лағындай киіктің сен сүйкімдісің,
Жоғалтпашы сүйкімді күлкінді шын.
Жастық шаққа қайта оралғым келіп тұрар,
Емін-еркін, еркелеу бұл күн үшін!

Қарындасым, көктемгі жаңа гүлім,
Жанға жағып тұрады-ау бала тілің.
Өзіңде ақ қайыңның жан сыры бар,
Киесі бар қарлығаштың қанатының!

1988.

Санадағы саңылау

Тыңдашы мені, жан Аға,
Ұрса бермеші балаға.
Тәңірден ғана тілеші,
Саңылау бер деп санаға.

Қорыққаннан батыр шықпайды,
Пақырдан ақын шықпайды.
Ақың һәм батыр болмаса,
Сорлыдан ақыл шықпайды.

Сорлыдан ақыл шықпайды,
Сормандай бәрібір ұқпайды.
Сорып қайнатып қойсаңыз,
Соқыр сезімі құптайды.



Жастық шақ

О, шіркін,
Дәл кешегі ғажап күнім,
Танытқан жастық шақтың ғажаптығын.
Еске алсаң ертелі-кеш азап бүгін,
Қайтадан соқпайсың ба азат күнім?!

О, шіркін,
Жастық шағым — өткен күнім,
Епді сездім келмеске кеткендігін.
Мені кешір, құр бекер кеткен күнім,
Жаңа күнім, жаңа жыр — өпкен гүлім!

О, шіркін,
Отқа оранған өр шақтарым,
Өтер күнді сезеді ер шақта кім?!
Өр сәтім әдемі кез - тамсантқаның,
Жинай алмай отырған моншақтарым!

Мезет

" Есіңде бар ма жас күнің..."

АБАЙ

Тағдырын айтам алдайтын,
Өскенмен гүлдер жаңарып.
Таң нұры қайталанбайтын
Бақытым едің, балалық.

Бүлдіршін кезім бір жүрсін,
Дегенмен бала көңілі.
Жетіге жетіп үлгерсін,
Өз заңын айтып өмірі.

Жақсы мен жабының жарысы,
Шығармады оны шеткері.
Қанша адам болса танысы,
Соншама болды мектебі.

Өмірдің шығар наласы,
Маса ойлар алып мазаны.
Жетінші кластың баласы,
Жетім шумақтар жазады.

Жұмбақ жыр жұлдыз туралы,
Ай аппақ, неге аспан көк?!
Шулы ойдан туғаң шумағы,
Оқылар өзіне дастан боп.

Армандап келеді, асыға,
Қиялы теңіз телегей.
"Түйетастың" шығып басына,
"Тянь-Шанды" тұрды елемей.

Сегізінші кластың "серісі",
Селт етіп сезім, шаш қойды.

Тарс жұмып көзді, ер ісі,
Ташықтық отқа бас қойды.

Талайлар барған ауыл гой,
Ол да бір көрді өртеніп.
Беймезгіл соққан дауыл гой,
Кетпепті әйтеуір ерте өліп.

Қиялдан тауып дерегін,
Жүргенде баптап пырағын.
Комсомолға өту керегін,
Ұмытып кетіпті "ұларың".

Устапты жүріп уыстап,
Ақыры "тоғызда" өткенді.
Өлең жазатын дұрыстап,
Жоғалтты сол жыл көктемді.

Жігіттік бәлкім, жеткеннен,
Мектебің қалды тәмам боп.
Оқумен он жыл өткенмен,
Шықпады бірақ маман боп.

Қаракөздерге босқа әуре,
Бозбала міне, бұйығы.
Әскерте кетті жас кеуде,
Биіктей келе иығы.

...Оралды елге алыстан,
Артында қалды көп елес.
Алысқан жауын жанышқан,
Алпамысыңнан кем емес.

Тәңірім берсе жарасым,
Борышым болсын өтеген.
Жиырма мен Отыз арасын,
Қайтадан сүріп өтер ем!

1995.

Отыздың оты

Әкем - Күн, Анам - Аспаным,
Алып Жер - шыққан Асқарым.
Отыздың оты жалындап,
Отсызды оңай жасқадым.

Жалаң қылыш жастамын,
Жартылай жазған дастаным.
Артымда қалды отыз күн,
Асығын иіріп басқаның.

Болдыра қоймаспын, бойдан ұқ,
Мұратым мығым ойда анық.
Жаһанды жаңадан ашса ғой,
...Отырмын соны ойланып.

Болмайды жігер құр қызған,
Сыр сұрап жазам жұлдыздан.
О, менің, арқар тағдырым,
Құлата көрме бір құздан.

1994.


Отызыншы көктем

Мынау менің отызыншы көктемім,
Отыз мәрте гүл жарып, отыз рет көктедім.
Отызға кеп орныққаным бұл менің,
Отыз жылда от боп ұшқан көкте едім.

Шоқ кеуделі, оты күшті сері едім,
Отыз жылда "оқымысты" мен едім.
Ғалымдардың қаппақ болып аузына,
Бұзатұғын отырысты мен едім.

Тегін жұтып жүрмеген соң оттегін,
Сондықтан да сөзім сылқым, от демім.
Отыз ауыз сөзге сыйса, о тоба,
Отыз-ақ күн болғаны ма; өткенім?!

1994.



Шалқар көңіл

Жаныма түсіп көлеңке жарық күннен,
Сыбағамды сұраймын барып кімнен?!
Іздеген ем із шарлап шабыт түннен,
Шықты алдымнан пенделер табытпенен...
Қалай етсем, ертеңімді анық көрем,
Анығына жете алмай налып келем,
Сүйегімді сүйрелеп алып келем,
Қырықта елді енді танып келем!
Тасқа соғып, басымды жарып келем,
Талас-тартыс, талауды анық көрем,
Ойлансам осы екен ғой - халық деген.
...Балам саған не керек алып берем!
Жүрегімді тағы да жанып көрем,
Сөйлескісі келмейді ел ғаріппенен.
Албастыға ұқсайды алып денем,
Алып денем мен сені алып келем.
Алашым алғысыңды тағып келем,
Ақ шырақты ақшамда жағып көрем,
Көктемдей көңіліңді бағып келем,
Сайран өмір қайраныңа ауып келем,
Уақытпен жарысып, шауып келем,
Қоғам менен заманның шер-мұңының,
Емін ептеп өлеңнен тауып келем,
Менің де жыртығым көп жырдан бөтен,
Көрсетпеуге тырысып жауып келем...
Мен өлсем, қайғыда емес, сауықта өлем!

21.03.04.

Сағат

Тық-тық етіп, тықылдап,
Уақыт ұры жұтынбақ.
Зілдей ауыр үндері,
Қорқытады құтыңды ап.

Уақыттың жалшысы, -
Сағат күннің қамшысы.
Тық-тық етіп тамып тұр,
Ғұмырымның тамшысы.

Сары уайым күнде есте,
Сағат санап күн кешпе.
Білімді жанға бір кештік,
Бітпейді өмір білмеске.

Бір бұлқынам, бір тынам,
Пенделер маз, ұрты нан.
Терезесін қағып тұр,
Ұлы уақыт!
Сағатымның сыртынан.

1992.

Сұғанақ

*О, туған жер, сенде қанша жасауыз бар,
Жауыздыға жазаланбас ешқашан!*

Есенқұл Жақыпбеков.

Арсыздардан камыққан,
Әрең ағам жүр Аман.
Сығалайды жабықтап,
Сұғанақ кез - сұр Адам!

Жапырылған қоғадай,
Ауыл түрі - құлдікі.
Жан сақтайды қомағай,
Қоғам сонда кімдікі?!

Дала қамын кім жейді,
Ойлар надан құр жанын.
Кейде қала білмейді,
Сол далада тұрғанын!

Түрсе дауыл түңлікті,
Ық жағына құлаған.
Мына сұрқай тірлікті,
Сұр адамдар құраған.

Бәрін көзім көріп жүр,
Болдық тыныш көрермен,
Кеңселерде өріп жүр,
Кеуде қаққан өлермен.

Ессіз орта бөліп жүр,
Егіз туғанды өнермен.
Мәдениетте өріп жүр
Мәдениетсіз өлермен.

Бүршік жарса бір шынар,
Талаптан нұр тамшылап.
Тумай жатып тұншығар,
Жанкештілер жаншылап!

Қара бастың қамы шын,
Тасыр пенде тайталас.
Қандасын да бағы үшін,
Қасақана байқамас!

Көңіліңнің хошы кір,
Мақұлыққа мал қайғы.
Қылығыңды осы бір,
Өз ұрпағың жалғайды.

Бабамыздың бұрыннан,
Салып кеткен жолы ізгі.
Балаларың ұрынған,
Баулимын деп "доңызды"

Бұл болмыстан бөлегі,
Жұлқына алмай жүр кенде
Би болғысы келеді,
Біртуарға құл пенде!

12.03.2004.

Бір адам

Ойға жомарт,
Сөзге сараң.
Ойлары мәрт,
Көзге қараң,
Бір Адам!

Үндемейді,
Есер емес.
Күндемейді,
Көсем елес,
Бір Адам!

Табынары -
Отан ғана.
Бағы - Бары
Бота - Бала,
Бір Адам.

Алла деген,
Атақ демей.
Арманы ерен -
Абыз көмей
Бір Адам.

Осы кісі -
Бір Адам.
Досы — күші -
Мың Адам.
Ұрпағы ұққан -
Ірі Адам -
Ұлы Адам!

04.04.2002.

Өмір

Үтірі көп қойылған,
Құрмалас сөйлем бұл өмір.
Ирелендеп тойынған,
Ұзын жылан-сұр өмір!

Түсінгенге алдында
Күрес тілеп тұр өмір.
Ескермеген малғұнға
Базары бай құр өмір.

Тістілерді кемірткен
Тышқан тірлік бұл өмір.
Күштілерді семірткен,
Арпа, бидай, сұлы өмір.

Аспанға ауыз аштырған,
Арман өмір-нұр өмір.
Аяқты шалыс бастырған,
Налыған көңіл, тұл өмір.

Аңдамасаң ағайын,
Үзілем деп тұр қыл өмір.
Алдамасаң алайын,
Берші маған тірі өмір.

Бабалар айтқан баяғы,
Жалған өмір кіл өмір.
Нүктесіз біткен аяғы,
Қалған көңіл, кір өмір.

Үтірі көп қойылған,
Құрмалас сөйлем бұл өмір.
Түсін, мейлі түсінбе,
Әйтеуір бізге бір өмір.

1987.

Көшпелі бақыт

Соқыр бақ көшпелі,
Сорлыға көшкені,
Сорлыдан бақ ұшса,
Сол күні өшкені.

Соқыр бақ-тақыр ой,
Санаңда мазданар.
Сорлылар соқыр ғой,
Соған да мәз болар.

Сезімтал саңлақ ән,
Сарғайды өртеңде.
Сағымдар алдаған
Сауатсыз-көр пенде.

Сал күрең мінгендей
Сабаз жүр сайрандап.
Сақасы күлгендей,
Сарыарқа-сайран бақ.

Саумалын ақтарды,
Сары далам сабадан.
Санаулы боп қалды,
Сарайы сау адам!


1997.

Жүрек

Жастықта мына басы бай,
Жүре ме қаның тасымай?!
Өзімді-өзім қажыттым,
Тәніме жаным ашымай.

Ауыртып асау тірегін,
Жан-тәнім іздеп жүр емін.
Жыр тұнғанда жұлқынған,
Мықты едің неткен жүрегім?!

Құлап қалам да, жүремін,
Жылап тұрам да, күлемін.
Жүрегім сенің сырыңды,
Мен, өзім ғана білемін!



Нұр - жыр

Нұр сауып, өлең жазам деп,
Кетіп еді ғой мазам көп.
Қара сөздің қатпарын,
Қайта-қайта қазам кеп,
Сезімге ақыл дос болды,
Ойсыз өлең азар деп!

Біреуі келді "тақпақ" деп,
Біреуі күлді "шатпақ" деп.
Қай шырылға қарайын,
Бақа жүзген батпақ көп.
Қарғалар алды мазамды,
Қарайып ұшып, қаптап кеп.

Өртенді өлең өзектен,
Тектілер неге тез өткен?!
Мына өмірді қайтейін,
Еркегін әкеп ез еткен.
Елім деп туған ұлдарын,
Өлтіріп келеді кезекпен!

Жүрегі жанын ірі еткен,
Ірі болған соң, жыр өпкен.
Тоқтығын көріп топастың,
Селк еткен сезім, дір еткен.
Жүректі жандар қашанда,
Кетеді екен жүректен!

11.05.2003.

Шыбықтан Шынар

Есек боп өмір сүре алмай,
Есеппен өлең құра алмай,
Ешкімнен атақ сұранбай,
Келеді тірлік құралмай.
Асқарды аңсап, жүре алмай,
Байлығын берсе, құб алмай,
Жүк алған жүрек, түк алмай.
Жүксіз жүректерді жыға алмай,
Залымнан жалын ыға алмай.
Ақиқат іздеп, тына алмай.
Құн сұрап тұрса, сыналмай.
Абыройсыз қалмай, күнә алмай.
Шыбықтан өсіп, шынардай,
Жүдеген жүрек, шыр алмай,
Шыңғырдым, даусым шыға алмай,
Шырылдатып қойған бір Алла-ай!

30.09.2003.

Қара өлең

Жүрегімнің уытын баса алмадым,
Поэзияда жаңалық аша алмадым.
Ақын болмай, әкім боп кетер едім,
Қасиетті қара өлең, қаша алмадым!

Ақындардың айқындап дара легін,
Бақытына бөлеген бар әлемін.
Мен сені сыйлап өтем дүниеде,
Ойларымды ораған қара өлеңім!

Қара бала, қара өлеңді жағалады,
Талаппен тарлан бозын тағалады.
Қара өлеңнің қасиеті осы шығар,
Жаңа ақын келген сайын жаңарады.

Құпияң мен жұмбағың, ғажабың мың,
Құлы болып кетейін азабыңның.
Анда-санда ақтарып айта салған,
Қара өлең сырындайсың Қазағымның.

Қалың ел құдіретіңе тағы сенсін,
Қара емес, ар жүректің ағы сенсің.
Әр жолыңда жарқыраған ғажайып бар,
Қазақтың бай тілінің бағы сенсің!

07.05.2003.

Тәубелі тілек

Алла жазып, айым тусын оңымнан,
Атақ, бедел алмаймын мен қолыңнан,
Ақ жүрегім адал шықса биікке,
Даңқ менің жүгіреді соңымнан!

Жүргендер көп жалған атқа құмартып,
Жалған аттан, жақсы өмірім мың артық.
Атақ қуып, пенде болғым келмейді,
Өзім үшін Адам деген сый артық.

Шыным осы, сенші менің сөзіме,
Тағдырдың сан түсіп көргем тезіне.
Жалған сыйды көріп тұрсам, неге алам,
Сол арада қайтып берем өзіне.

Тарихымды ашып қалсам, тарлан көп,
Кей мықтыдан, қарғалық із қалған жоқ.
Ары биік, Алаштай бұл жұртыма,
Ары таза ақын болсам, арман жоқ!

07.05.2003.

Өмір-өзен

Қадауы қиын, шаңыраққа басын уықтың,
Содан да шығар, көңілімді талай суыттым.
Білмеймін әлі, түсінбей жүрмін себебін,
Өмірге өзім іңгәләп жылап туыппын,

Талай ақылды тағып жүр, тауып бізге мін,
Ал бірақ өзім арманнан үміт үзбедім.
Келгенсің дейді өмірге жылап, шырылдап,
Білмеймін өзім шырылдап нені іздедім?!

Толғатса жүрек, туса екен деймін есті өлең,
Өмірімдегі әр сәтімді ескерем.
Туа салғанда іздеппін өмір күресін,
Дүниеге мына жыламай тусам не істер ем?!

1989.



Жыр - бұлақ

Жүрегімдегі жыр бұлақ,
Кеудемді тұр ұрғылап,
Күн көзінен нұр құлап,
Нұрды жаным тұр құрап,
Өтейін нұрдан жыр құрап.
Мәңгілік десең, бұл бұлақ.

Үңілдім өткен мен ізге,
Үмітіңді менен сен үзбе.
Із қалмады дегізбе.
Менің ойымды сен ізде.
Жырымды өзің егіз де,
Тамғандай тамшы теңізге!

Өтеріңді анықта,
Кетемін деп қорықпа.
Көңіл босқа тарықпа,
Жүрек бекер зарықпа.
Музам - мұңлым қалықта,
Шабыт - пырақ жалықпа.

Сөзім қалсын халықта,
Өзім кетсем, қорықпа!

24.12.2003.

Сендер мені қимайсыңдар

Сендер мені қимайсыңдар өлімге,
Пенделік жай мінезі ғой ерегiс.
Мен сендерді қимай жатам көрімде,
Көрге дейін көрсететін керек іс!

Менің мына жұдырықтай жүрегім,
Жұлқын, сілкін, тағы, тағы дүрсілде.
Жүрек деген жүре тұрсын тілегім,
Әрбір адам өз кеудесін білсін де!

Аспанға асық менің де бұл жүрегім,
Қоштасатын сөзін айтып қорымына.
Ертең барып орналасам, білемін,
Ағып түскен бір жұлдыздың орнына!

Асыққандар неге аңсайды аспанды,
Жердің үсті ол да аспанның асты ғой.
Көбісі анау құрбан етіп жас жанды,
Жаны аспанда, тәнін қабір басты ғой.

17.06.2003.

Дүние-ай...

Басы сайран,
Ортасы ойран.
Соңы қайран -
Дүние!

Арман түзген,
Арқанды үзген,
Қалған бізден -
Дүние!

Баласынған,
Аласұрған,
Данасынған -
Дүние!

Кеше туған,
Бүгін думан,
Ертең суыған -
Дүние!

Жарататын,
Қарататын,
Тарататын -
Дүние!

31.03.2004.

Мінәжат

Көрінгенді.
Болғанды.
Жоғалғанды.
Керілгенді.
Толғанды.
Тоналғанды.

Асыл еді.
Жасын еді
барлығы да!
Тасып еді.
Қашып өңі.
Қалғыды да!

...Жарлығы ма?!
Тағдыры ма
өзінің?!
Тар ғұмырда
арғы қырда
төзімің!

Көңіл бөлдің,
Өмір көрдің
пендеше!
Сәуле көрдің,
Әуре көрдің
ендеше!

Кектескенің,
Өтпес, - дедің
бұл өмір.
Тектес сенің
Тек кешкенің
— бір өңір!

Таластың да,
Жарастың да
бақылы.
Тап астында
Тарастың ба
ақыры?!

Айналамыз...
Айдағы аңыз -
бәріміз.
Қайдағы әлі,
Айналады
Шарыңыз!

Арыңды улап,
Бәрің шулап
қалмаққа
Жай қалдыңдар,
Айналдыңдар
аруаққа!

Аруақтарға:
Құдайдан рахмет!
Пайғамбардан шапағат!
Адамзаттан құрмет!
Әумин!

23.12.2003.

Толағай мен Қомағай

Күннің артынан күн ерген,
Өтем деп өмір түнерген.
Азғантай мына ғұмырда,
Қаншама қате жібергем.

Пенде қайтсін адасқан?!
Алдың енді қара аспан.
Итшілеген өмірі тек,
Итке ғана жарасқан.

Бұл қазақтың дарыны көп,
Дарындының жағымы жоқ.
Содан болар, дәл бүгін,
Қамсызымның қарыны тоқ.

Қамсызымның қарыны тоқ,
Арсызымның арыны от.
Аса алмаған арсыздан,
Дарынды көп... бірақ жоқ!

P.S.
Қомағайда қолағаш,
Толағайда мойын ағаш.
Тау астында Толағай,
Тау үстінде Қомағай.

Шын ғалымға қатысы жоқ

Ирония

" Ученных много, умных мало..."

А.С.Пушкин

Білімнің жолын оңдайтындар көп,
Көкейге көбі қонбайтындар тек.
Жаңалық ашқан ғалымдар аздау,
Біздің ғылымда қорғайтындар көп.

Ақиқат үшін алыстан арбас,
Өлермен шіркін таныстан қалмас.
Ұлылар жазған ілімге ілінген,
Ғалымның қадірі алысқа бармас.

Көрінсе көзге беу деме, налып,
Жүрмесе болды әуреке салып.
Басында емес білімі мынаның
Пісіп тұр екен кеудеге барып!

Арғымақ жырды ерттедім енді,
Ертеңгі күнге ерткенім белгі.
Немене қорғап жүргенін білмей,
Осылай мен де зерттедім елді!

Тарихтан Алаштың алашағы мол,
Қалай ізденсе де жарасады ол.
Қолдайтыны мен қорғайтыны көп,
Менің елімнің болашағы зор!

11.05.2003.

Мешіт пен күнәһар

Айта да жүрейін
Пенденің бір кемін.
Мен қайдан білейін,
Күнәнің үлкенін?!

Ашты осы есікті,
Аяр-сұм құбылған.
Монша етіп Мешітті,
Күнәһар жуынған.

Намазы қаза көп,
Пендеге, обал-ай.
Иманы таза кеп,
Кетпесін жоламай.

Сауапқа кенделер,
Жұмаққа жете ме?!
Қылмаңдар пенделер,
Мешітті мекеме.

Құдайы кешеді,
Алдаса бұға сап.
Жалғасты өсегі,
Мешіттен шыға сап.

Ақыл мен айбатқа,
Епті екеп "есілім".
Айтылған ғайбатқа,
Сұрай сал кешірім!..

Әй, пенде, сен неге,
Қарайсың тойымсып?!
Құтырған пендеге,
Құдай да ойыншық.

07.05.03.

1986 жыл. Желтоқсан. Алматы

Айқай-шу бүгін Алаада,
Жалт қарады Жаһан бұл...
Жалғыз ой ғана балаңда:
- "Жауыма да атам гүл".

Ала төбет алқымдап,
Жатқанда қалай көнерсің?!
Бейбіт ел болып, жарқылдап,
Үшырған едік көгершін.

Тыныштық айтып тұрыстық,
Тілеуін тілеп қазақтың.
Өзіме елім тым ыстық,
Талайын көрген азаптың.

Құланға ғұмыр сүруден,
Құлаған оры сол тыныш.
Қорланып жүріп күлуден,
Өмірде бар ма қорқыныш?!

Ерлері жүрсе елінде ес,
Үйім түгілі, молам құт.
Боп алдындағы кебіндес,
Жібердің бір күн бодан қып.

37-лер... сол тұста,
Етімді жедің турап ап.
Содан кейінгі соғыста,
"Мұрттай ұшқан ем уралап".

А той сал бүгін Алаңда,
Жалт қарасыншы Жаһан бір.
Жалғыз ой ғана балаңда:
- "Жауыма да атам гүл".

Жаратқан ием, сол ұста,
Жастықтың жанған тауын көр.
Жеңеді енді соғыста,
Мылтықсыз шыққан жауынгер.

Маңдайдың шығар тарлығы,
Маңайымды тағы жылатқан.
Жарғанаттың жарлығы,
Қырандарымды құлатқан.

Ит қылам десе қасқырды,
Қателескен екен "Құрмашың".
Қасқырың солай састырды,
Белгілі енді тұрмасың.

Баласы тұрып басқа ұрды,
Не істейсің солай кетсе кек?!
Қарғыласаң да қасқырды,
Төбетің болмас Көксерек!

1986.

1986 жыл. Желтоқсан. Қарағанды

Күңіреніп, күнде елім-деп күйеді ері,
Құдай-ау қайда ерімнің киелі елі.
Тағдырдың табанына тағы түсті,
Еңіреп "Елім-айдың" иелері.

Қайтеміп қасіреттің қозғап бәрін,
Қопарылып қалың ой, қозғатты арым.
Алаңдатып алаңда Аналарды,
Босып бара жатырсың боздақтарым.

Босып бара жатырсың боздақтарым,
Көрдің бе заман тағы "бозды" атқанын.
Басыңда батпан қайғы бұлты шөккен,
Қасіреттен қарайып тозды ақ қарым...

Төре тұрып, бағыңды құл ашпайды,
Қинай бер, қырсыз тірлік қыр аспайды.
Қаңтарылып қалғандай қалың елі,
Қарағанды қабағын бір ашпайды.

Батырсыған бейбақтар баланды ұрды,
Байқамаған баладай ағам тұрды.
Қайран қазақ тағы бір өліарада,
Жаратқан далам шерлі, қалам мұңлы...

Қарағанды. Қажыған жер...

Орнатып жатқанда біз кіл жаңаны,
Бір жаңамен жүреді бір жаманы.
Қалқиып ғасырымның мұржалары,
Миуалы мекенімді мылжалады.

Қасиет шыққаннан соң кара тастан,
Тағдырын тау-тасымның ала қашқан.
Алаңсыз аймағымды айқай басып,
Аласұрған тірлікпен араласқан.

Айдатып жіберді де айбарлы ұлды,
Сұңғыла сұмпайы ойын байлам қылды.
Манаураған мамыражай маңайымның,
Тірлігін түрмесіне айналдырды.

Берекесіз билігін ұстап бәрі,
Содан бері біткен жоқ қыспақтары.
"Қарабайлар" қажытқан кара жердің,
Қап-кара боп жатады қыста ақ қары.

1994.

Иі іліктің есімі

Кемі болып жүргенмен ұранды ойдың,
Таманыңның заңын ескер, жайын ұқ.
Төрт мың жылқы жүретін Жұман байдың,
Жайлауында төрт сиыр жүр жайылып.

Ел, жер сатқан құтылмайды айыптан,
Өңірімнің өзгерді тез түр-түсі.
Бір-ақ күнде жоқ боп кетті, ғайыптан,
Тәттібайдың қалың кара жылқысы.

Жарлыны да, жампозды да жайратқан,
Оңдырмайды от басының кесірі.
Сары алтыны самаурынын қайнатқан,
Игіліктің қалып қойды есімі...

1993.

Қыршын ғұмыр

Адамдықтан пенделік асып кетіп,
Белсенділік жер үстін басып кетіп,
Азаматтың абыройын шашып кетіп,
Қанша ғұмыр қыйылды қыршынынан.

Адамдарға кара күйе жағылып,
Адалдарға жалған жала жабылып,
Елдің ұлы елге жау боп табылып,
Жібек жүрек түйілді ұршығынан.

Белсенділер кара киім жамылып,
"Айбозымның" акіретте ағын ұқ,
Ақиқатты күткен елім сарылып,
Жолығар, - деп уақыттың бір шыңынан.

Ойламастан өз халқыңның ертеңін,
Өзіңді-өзің отқа салдың, өртедің,
Өзің өртеп кәусар жырдың көркемін,
Құтқармадың жауыңның бір сынынан.

Арысыңды құрбаны етіп жаланың,
Алдыңда аған, ала көздеп қарадың.
Артында іні ашып тұрған аранын,
Арылмадың қу тірліктің қылшығынан.

Кәрі тарих сен бізбен жасарасың,
Өткенді ойла, көзіңе жас аласың.
Тағдырды қолыңнан-ақ жасағансың,
Тауып алып табиғаттың тылсымынан.

Замананың сарыны өзгерсе де,
Адалына, адамына сөз берсе де,
Ақыны айкай салар кез келсе де,
Пенденің құтылмадық қырсығынан!

1991.

Сатқындықтың салқыны

Тарихта болыпты тарлан бабаларым,
(Биіктіі билеп алған ағаларым.)
Уақыттың қатал диірмендерінде,
Ұсақталып, ұн боп қалған балаларың.

Ұшырады талай жаным жазаға,
Ұрпағың ұрынды қаралы қазаға.
Мұрагеріңнің мұрты сынды ғой,
Айтшы далам, қаным таза ма?!

Сатқындар шығып сандалды бегім,
Аярлар алдап, қан болды ерім.
Қазаққа қазақ қас болған кезде,
Түсінбей қалып таң болды елім.

"Саясат" деген сары бас жылан,
Сары бас жылан салды ғой ылаң.
Ата-бабамның атын ұмытып,
Айтылмай аға, қалды ғой ұран.

Сандуғаш болып сайрады көкек,
Есекті елге сайлады әкеп.
Байрағым қайда бабадан қалған,
Басққаның туын байладым әкеп.

Тобыма кірдің, той демедім бе?!
Ақылдастым да ой керегінде.
Арғымақ тектес асау халықты,
Басыңды, бассыз, қой дегенің бе?!

Кешегі жолың таңдарлық дер ем,
Таласып келген жалғандықпенен.
Жел беріп қойды-ау жетесіздерге,
Батырларға тән аңғалдықпенен.

Елім талай жыл шулаған екен,
Адал адасып, қу қалады екен.
Ұрттаса ұрпағың улы зарыңды,
Ұлыңның жанары суланады екен..!

1986.

Білем, қазақ, сенің кім екеніңді,
Көз жасыңмен толтырдың етегіңді.
Дауыл сенсің шайқайтын тағдырыңды,
Жауынгерсің жек көрген екі өлімді.

Кең далада түсіпсің тар тұзаққа,
(Бірінді-бірін әкеп салғыз отқа.)
Жалыннансың, қызуыңды баса алмасаң,
Жалынғансың жалғыз ат, жалғыз оққа!

1986.

Алашқа намыс өлім дегені шын,
Есімді жинатпады төрімдегі сұм.
Үш жүз жыл бодан болып та көрді,
Үш жүзге жұрты бөлінгені үшін.

Қазағым менің мақтарлық халық,
Қаз тұрар қайта, тапталып қалып.
Жұбатар өзін, жаңара беріп,
Қос жанарынан жас тамып барып.

2003.

Адамдық пен надандықтың күресі немесе Қалғып кетпе

... Әміре Айтбақин Ертістің сол жағындағы
11 болысты 25 июньге Қалба еліне шақырған
екен, мен 24-інші августте келдім, Әміре жүріп
кетіпті...

... Әміре Алашқа тілектес емес. Өскемен Уез-
інде Әміреден басқа хиялы адам жоқ. Соның
ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Жұрт на-
дан, Әміренің Өскемен уезін билеуі - зиян: ав-
тономияға қам қылу үшін автономияны сүйетін
кісіні қою керек. Автономияға, Алаш Ордаға
қарсы кісіні автономия жұмысына қосуға бол-
майды. Сондықтан Өскеменді Әміреден
құтқармай, бұл ел жөнге түсінбейді.

Міржақып Дулатұлының 1918 жылдың 14-
тамызында жазған хатынан үзінді.

" Жас Алаш" газетінен.

Арттың талай тағдырыңның азабын,
Тарттың талай тақсіретін жазаның.
Көзіңді аштың: "ояндым" деп ұйқыңнан,
Ояның да қалғып тұрдың қазағым!

Оянсаң да аша алмадың ұйқыңды,
Өмір -айна көре алмадың сиқыңды.
Тебіrentіп сенің тентек жаныңды,
Талықсып үн, таңға жақын күй тынды.

Есеңгіреп жия алмадың есіңді,
Жауға өңгеріп бердің жампоз есілді.

Бұл жалғанда бұлаңдағың келеді,
Айыра алмай азаның мен кешінді.

Тасыған соң тағы өмірдің өзені,
Тағы келді бір айғайдың кезегі.
Көсемсіген "көсемшелер" көбейіп,
"Көсем" сөздер дүниені кезеді.

Айғай шықты, қайта ояндың, шошыдың,
Қайталанар салмағы аз бос үнің.
Айтқаныңның бәрі де жөн секілді,
Соңы сұлу болса екен де осының!

Арттың талай тағдырыңның азабын,
Тарттың талай тақсіретін жазаның.
Көзіңді аштың: ояндым деп ұйқыңнан,
Енді оянсаң, қалғып кетпе қазағым!

1991.

Талантты Надан

Аспан асты Адамдықтан кенде ме?!
Надандыққа қонбайды екен ем неге?!
Адамдықтан жүрдай мына пендеңе,
Асқан талант бердің, Алла, сен неге?!

Көкейінді мазалайды көп сұрақ,
Бұл Фәниден ар-ожданды өт сұрап.
Мұсылмандар жайыңдаршы алақан:
-Уа, Адамдық, аман болшы деп сұрап!

Жақсылықты жаратқаннан көп тіле,
Адам менен надан дос боп өтті де.
Балаңызға залым ұстаз болмасын;
Зұлымдықтар оқымасын деп тіле.

Екі көзім енді нені көресің?!
Ертегі өмір ертең кімді көмесің?!
Адамдықты арам шөптен тазартып,
Екі қолым еңбек етіп келесің!

1. Тағзым ету

Көкбөрі Жарылған баба рухына

О, Тәңірім! Тауды, тасты, темірді,
Сомдағансың өндірің мен өңірді.
Кеше, бүгін, ертең етіп, кезекпен,
Сен жараттың мына өтпелі өмірді!

Аспан куә қанша ғасыр, қанша күн,
Қалса қалсын қасиетің, жақсы атың.
Жарық дүние сәлем етіп өзіңе,
Келіп кетті қанша батыр, қанша ақын!

Жау шапқанда көрінеді ер ісі,
Көтерілер көксеректей бөрісі.
Ал, бүгінде көкжал жігіт жетерлік,
Қорқау қасқыр демесеңіз көбісі!

Бізді де ертең жұқалайды қайрап күн,
Жаздым өлең қаламымды қайрап мың.
Көкбөрілі - жауға жасыл байрақтым,
Басымды идім әруағыңа, Ардақтым!

Алашыма аңыз болып жайылдың,
Аңызымнан ақиқатын айырдым.
Өзіңе арнап тәңірімнің алдында,
"Ықыласты" үш қайтара қайырдым!

2. Батыр билігі

Кешегі билігің мен батырлығың,
Аңыз боп артыңызда жатыр бүгін.
Таң қылған ерлігің де ертегідей
Қалдырған өрлігің мен нақылды үнің.

Көрсетіп билігіңді көлденеңге,
Сойылдың соны қалып өр денеңде.
Мен ешқашан өмірде келіспеймін,
Батырлық пен билікті бол дегенге!

Сарбаз болып аттанып сары белден,
Сардар болып, даңқ алып қалың елден.
Айналып Абылайдың серігіне,
Шынжыр балақ, шұбар төс жаныңа ерген.

Қабанбаймен қапталдас қалпыңыз да,
Бөгенбаймен деңгейлес даңқыңыз да.
Абыройың бұйырып парқыңызға,
Атағыңыз тараған халқыңызда!

Жауды ықтыртан жарқ етіп жасын көзден,
Өлмейтін өсиет өріп асыл сөзден.
Дәл кешегі тасбауыр - тасыр кезден,
Алып шықты ұрпағың ғасыр кезген!

Тарланым, ерлігіңді ел біледі,
Арманың ақиықпен тең түледі.
Қабыл болып қашанғы ел тілегі,
Баяғыдай Байрағың желбіреді!

О, менің Тау-ұлығы - данадарым,
Жауырыны қақпақтай бабаларым.
Үміт етіп отырып балаларын,
Жаулығына жанын түйген аналарым!

Дала кезіп жүрсе де күй таймаған,
Сұрығын кетірсе де сұрқай заман,
Күйді ойламай елі мен үйді ойлаған,
Алыптарым антынан бір таймаған!

Сары далам — Сары алтын бүтін түбі
Ұрпағыңның бүгінгі шүкірлігі.
Тәуба қылса әр үйдің түтіндігі,
Батыр Баба іргеңнің бүтіндігі!

03.04.04.



Тоқтардың биігі

Алаштың мынау Байтағын,
Аспанға шығып байқадың.
Құпиясын ашып бермесең,
Құбылысты қалай айтамын?!

Таланттың туған Тарланы,
Талаптан болған қалғаны.
"Ұшқыш болам" дейтұғын
Қасымның кешегі Арманы!

Орындалса ортақ ән,
Батырымен Арқа Паң.
Ғарышқа ұрпақ ұшырған
Қарқаралы - қарт Анам!

Жасын

" Адамзат сапарының мейманымыз "

Қ.Аманжолов

Көрсетпей ғұмыр бір бетін,
Көргенше Ақын құрметін.
Тағдыры - тандыр, тұр жетім,
Ыспан қорасы - түрме-тін.

Дүниеге тағы қарашы,
Сабаздың жоқ санасы.
Қолындағы мол асы -
Қора мен үйдің арасы.

Сақасы тимей кенейге,
Айналды Ақын кедейге.
Кедейді елің елей ме?!
Кеткенді сонсоң Семейге!


Ақ Муза келіп қол алды,
Жетімдік күндер жоғалды.
Тағдырың айтар тобаңды
Көріп те қайтты Оралды.

Маңдайға жазса, құп алып,
Бұрыннан өмір - бұғалық,
Адам боп туу - құдалық,
Соғысқа кетті сұранып.

Тарлықтың жеңіп таласын,
Аңсаған Алаш баласын.

Өлеңде өрді жарасым,
Өлексенің көрді таласын!

Таба алмай басқа панасын,
Ардақтап әйел, баласын.
Ақындық тағдыр ғанасың,
Сондықтан есте қаласың!



Қасым тағдыр - қасымда жүр

Байлық қалған патшадан,
Жалғасты тірлік - атса таң!
Өзіңді-өзің білмекке
Айнаға қара Жақсы Адам!

Жиіркендірді түрі мың,
Ұл еместей ұлығың.
Құлан тағдыр құлатар
Құрық салып құлынын!

Ақ сезім бар асылда,
Пәк көзім бар жасында,
Қасиетті ей, өмір
Құдіретімді қашырма!

Тағдыры бөлек дараңыз,
Тани алмастан барамыз.
Бөктерліге бөлінген,
Таңданып қарайды балаңыз!

Еріңді бүгін ірікте,
Іріктелмей жігіт пе?!
Шұбатылып шуласа -
Сілекейден сілікпе!

Ақ таң боп тусын арай күн,
Мақтанғаныңды қалаймын.
Қара Жер ғажап, Көк Аспан,
Табынғаны талайдың!

"Сүйектен сөз өтімді",
Қайтарды бәрі бетіңді.
Балама ақыл айтпаймын,
Өзі білетін секілді!

Төңкеріліп төн, мейлі,
Жаққан шырағың сөнбейді!
Құдайдың мына құлдары,
Біріне бірі көнбейді!

Арымды жаным бағала,
Жауыздар жүр жан ала,
Өлеңмен ғана өтермін,
Талантын берсін Тағала!

Жағада адасып Шағала,
Арсыздың аты қала ма?!
"Баяғы Қасым - бір Қасым" -
Ақын боп келген араға!

Төңірегіңе төксін кен,
Өрімдей өлең өсші, өн.
Пендеге айтар сөзім жоқ,
Бірін-бірі көпсінген.

Көңілім ғажап масаң кеп,
Айтып ед ажал қашан кеп.
Күрескен жан күректе,
Бірінен бірі асам деп!

Сөзімді осы ұғарсың,
Ішіңнен ғана тынаарсың.
Бесіктен шыққан Ей, Адам,
Есіктен ертең Шығарсың!

Тағдырдың түсіп тезіне,
Сүмбіле шашқан сөзіне.
Қарап тұрам да, қайранмын,
Ақындық өмір өзіңе!

Келеді ғұмыр білгізіп,
Жүректі қысса жыр қызып.
Бірде Ақын да, бірде Адам,
Осының өзі бір қызық!

Ғасырдың соңғы күндері

Мұстафа Өзтүріктің рухына

Ұйқыда қала,
Тып-тыныш міне барлығы,
Жатқызды барлығын жаратқан ием жарлығы,
Уысында ұлы уланып жатқан тірліктің,
Қара түнінде қарап тұр уақыт қарғылы.

Қаратқан бәрін,
Сұр мерген тағдыр жықты оны,
Құлагер өлген, қой бағып енді шық "торы",
Өнерің жатыр өлім халінде сусырап,
Театр бос тұр,
Базардың іші лық толы.

Қаңғырып елің, қабырға қаңсып қаңырадың,
Өн қылып едің,
Тобырға таңсық аңырадың.
Көшеде бәрі актер боп кеткен пенделер,
Қайтеді дейсің сахналардың саңлағын.

Базарда атаң саудалап тұр ішігін,
Көшеде біреу іздеп жүр әне күшігін.
Жалғанда мына жалғыз қалғандай сезінем,
Іздеп жүргенде кісіліктерін кісінің.

Музаның бәрі далада қалды көлденең,
Кәусарға ғашық, бар ма екен адам шөлдеген?!
Таңертең үйден адам боп шығып, ал кешке,
Жетемін әзер, рухсыз сүлде, құр денем.

Үрпек бастарым үйренді "у-шу", күн-фуды,
Уытсыз ұрпақ оларда білді құртуды.
Ит жетектеген жекелеу кетіп барады,
Адамға емес, иттерге сенген күн туды.

Жырлады бәрі заманның заңын тосылмай,
Мен жүрдім бірақ бәріне соның қосылмай.
Түсінбестіктері түбіне жетіп, түн қылған,
Біздің ғасырдың соңғы күндері осындай!

1995.



Әкені соңғы сапарға аттандыру

*Әкем Сәтибеков Ырысбайдың
рухына арнаймын*

Бірі кетті, бірі келіп,
Бойыма діріл еніп,
Айналам қорқынышты,
Күн батты күңіреніп.

Дәурен-ай бастан кешкен,
Барда әкем-аспанда өскем.
Айналам қорқынышты,
Маңайым астан-кестең.

Досымның жылағаны,
Тауымның құлағаны.
Болдырған ғұмырыңның,
Болмайды бір амалы.

Жығылды ұл жылағаннан,
Жұбатты ел сынаған жан,
Аумайды үйдің іші,
Қайғылы бір алаңнан.

Жайнатты күн даланы,
Атадан ұл қалады.
Әкені ажал алып,
Ұрпағын жұлмалады.

Қалың ел күңіреніп,
Қайғылы үн іріленіп.
Ап-ауыр салмағымен,
Келеді іңір еніп.

1994.

Ажалдың алдында

Жылаған жанарымнан жас таралып,
Отырмын ой қажытып өз алдында.
Тәңінді жер, рухыңды аспан алып
Келмеске кеттің бе әке көз алдымда?!

Шырқыратып жатса да шыбын жаның,
Жан әке жаңылмады тәубесінен.
Сол болды, соңғы сәті ұғынғаным,
Жігерленді жарық күннің сәулесінен.

Көнбеген қайран дүние қарымына,
Өгей тірлік, не деген өңез едің.
Бір қарады жалғанның жарығына,
Түргізіп перделерін терезенің.

Өмірді де өзінше бір көш-деп ек,
Таспа күндер - тағдырдың өрімі шын.
Көзіңді жұмарда да бір күш керек,
Абыроймен адамдарша өлу үшін.

Көзіңменен көргенің қиын екен,
Туғаныңның жүрегі тоқтағанын.
Өзіңменен... қайтейін күйім бөтен,
Өлгеннен соң түк емес, жоқтағаным.

Арманым жоқ деуші еді әу басынан,
Ажалдың барды алдына алшаң басып.
Арулап аттандырдық ауласынан;
Қара жер жұбатсын деп қалса жасып.

Ақыреттен айналасын кім сақтаған,
Жыр перне, мұң пернемді бөтен дер ме?!
Ауырғанда айналып бір соқпаған,
Өлген соң кіріп шықты Төкендер де.

1994.

Жүйріктің мінезі

Мен сенің атыңа,
Ежелден қанықпын.
Сай келген затыңа,
Ұлысың халықтың.

Қарайсың мысқылмен,
Сұм жалған-сайқалға.
Баптаса іс білген,
Бәйге алар байтал да.

Жаһанда жүреді,
Тәкаппар бір озі.
Жітіттің жүрегі —
Жылқының мінезі.

Тоңмойын торы атты,
Түсірді ел додаға.
Қорқаулар "қомақты"
Қамшыңнан садаға.

Тұздықты татырған,
Нар тұлғаң-нәсібің.
Бәйге алған атыңнан,
Жүйріктеу есімің.

Асқақтау жаныңды,
Асқар тау қыла бер.
Ойнатар қаныңды,
Жетпей жүр Құлагер.

Халықтың тозбайтын,
Дауылды жырымын.
Шабытты қозғайтын,
Боранды қылығың!

2000.

Аюлы-Ақсу — арманымның мекені

Жемісіп жеп көремін деп еңбектің,
Сіз кеттіңіз, сізден кейін мен кеттім.
Біз кеткенде Ақсу қалған жаутаңдап,
Жетілмеген жетіміндей жөргектің

Кім кетпеді құшағынан ананың,
Қашып кейде сән-ажары даланың.
Арман қуып, орын тепкен қаладан,
Сағынды ұл сары қымызын сабаның!

Сағынды ұл Сарыбелдің сағымын,
Бұғылы - Өмір, ал, Тағдырым — Тағылым!
Алыстатқан бабасынан баласын,
Уақыттың қараңызшы ағымын.

Аюлы - Атам еңкеюді ар көрген,
Ақсу - Анам құлыныңмын арда емген.
Бала кезден дала кезіп келем мен,
Туған жерде басталған сол арманмен!

Айырылып қала жаздап қауымнан,
Өліарадан өтті аман ауыл, маң.
Адам түгіл, ауданды да жабатын...
Сақтап қалды таудай ағаң Дауылдан!

Тарап кетпей, басыңызды құрау бақ,
Жоқ боп кету, алысырақ тұр аулақ.
Жүдегенде кезі болған тарихта,
Құлап түссе, қайта тұрар бір аунап!

Аюлы-Ақсу - бұл ежелден бай Халық,
Отыр бүгін өз орнында жайланып.
Ғасырлардан Ғасырларға бара бер,
Ұрпақтардың мекеніне айналып!

37.05.2004.

Ескі ауылды еске алу

Ару күндер бара жатыр аяндап,
Аяласаң түндерің де оянбақ...
Әлдиіме ән ғып айтып берейін,
Ескі ауылдың ертегісін баяндап.

Тарихыңа қосылайын "тамшыммен",
Алса менен, айналайын, алсын кен.
Қарашы өзің, із қала ма бетінде
Қара суды осып өтсең қамшыңмен?!

Көркем сөзден Кеншоқының көр өңін,
Кезекпенен керуен тартқан өр елім.
Ескі ауылды есіңе алған кездерде,
Елтетұғын әнің болсын өлеңім.

Өмірімнен өлеңдерім өріліп,
Мені бөліп әкеткенді бөрілік.
Ескі ауылда ес білгендер кешегі,
Тұрады ғой көзге ыстық көрініп.

Жан сырымды мөлдір сезім іркіді,
Қараша үйдің қайталанбас нұр түні.
Жаңалыққа жаны құмар қазағым,
Жаңа ауылға көшіп кетті бір күні.

Ескі қора-ескі ауылдың қорығы,
Есімде атам ерттеп мінген торыны.
Есіңе тек түсіретін өткенді,
Ескі ауылда ескі үйдің орыны.

Қалды менің балалығым шалғайда,
Ой-қиялың ой мен қырды шарлайды, ә!
Таңда тұрып, таңды атырып айғайы,
Жүген ұстап жүгіретін шал қайда?!

Азаматы бала менен жарды ойлап,
Арулары адалдықты, арды ойлап.
Атқан таңның шұғыласына алғашқы,
Апам менің қайнататын бал қаймақ.

Ыстық нанды батырып жеп сары майға,
Ерке оянып, елге ылаң салмай ма?!
Араласып бауырсақтың иісіне,
Таңғы самал қалатұғын таңдайда.

Бізге таңсық көрінетін тау іші,
(Біз емес пе таудың тарлан тағысы).
Қиялыңды шақыратын қияға,
Құлдыраған құлындардың дауысы.

Қара Нұра - қасиеттім, даңқы ірі,
Өлең болды өр кеудемнің жарқылы.
Әлі менің құлағымда қалыпты,
Қоңыр тірлік-қоңыр қаздың қаңқылы.

Таусылмайды тағдырыңның сұрағы,
Қалада жүр қиялымның пырағы.
Балалығым сен есіме түскенде,
Ескі ауылға кеткім келіп тұрады.

1999.

Туған жер

Бабадан кеше қалған жер,
Балаға бүгін арман жер.
Алланың нұры тамған жер,
Талайдың шөлі қанған жер.

Сарыарканың Нұрасы,
Жықпылы - жыр, ән - жырасы.
Амандығын ауылымның
Тәңірден елім сұрашы.

Керегетасым - кербезім,
Қоралас-құдірет жерде өзің,
Түйетас - түйген тарихым...
— Елімді жырла енді өзің.

Нұраның бойы нұр тұнған,
Нұрлап жомарттай ұл туған.
Қызыл шоқы қыздай қылықты,
Қабактуғанда жыр туған.

Жамырай қаштық қалаға,
Шал-шауқан ғана далада.
Шежіресі қалды Нұраның,
Ауылға жақын молада...

1990.

Нұра жағасында

Сарқырап сәлем беріп құралайда,
Сең соғып, жалп етіп жар құламай ма?!
Өгіз өтпес арнасында өрмекші жүр,
Таң қалам!

Тартылған ба?
Нұра қайда?!

Арқаның кіндігінен басталдың ба?!
Тобыр кешіп, тоқталып, ластандың ба?!
Сарқып ішкен самауыр сияқтанып,
Қансыған қайран Нұра, бос қалдың ба?

Табаныңнан тастамыр-құм шығыпты,
Қадірің қара суда тұншығыпты.
Қасиетті Қара Нұра, Қайран Нұра,
Ну шіліктен қалдырмадың, бір шыбықты.

Дамылсыз туған жер деп тула жүрек,
Дүниеге туған жерсіз тума жүрек.
Өзен - Адам адасқан арнасынан,
Қарашы, қаз-үйрегі - думаны жоқ.

...Күрмелген тұйығыңнан шешіле көр,
Су кетіп, біткен екен төсіңе шер.
Малшылап маңайыңның сәнін алған,
Ақымақ ағайынды кешіре көр!

Кешіре көр!

1986.

Дала

Шіркін, менің қайран далам,
Қайран бабам сайрандаған.
Адамбайда сансыз жылқы,
Сары далам қайыра алмаған.

Сайрандаған қайран бабам,
Дәл өзіндей қайдан болам...
Босағамыз жалаңаштау,
Боталы інген байланбаған.

Қуаныш тұт мұның бәрін:
Артындағы ұлың барын.
Жетпіс жылда жуасыған,
Желідегі құлындарын.

Сол ұрпағың тұрағыңда,
Аунайды әлі құла құмға.
Тайқазан жоқ тек бұрынғы,
Құнанбайдың бұлағында.


Өлең тыңда-бұлақ құмда,
Бұралқы өмір бұра ақтың ба?!
Жақсылар мен жайсаңдар көп,
Жанқұтты жоқ бірақ мұнда.

Байсейітті туған далам,
Аз қалды ұлың уланбаған.
Бас шұлғиды бастық көрсе,
Сұлтан көрсе сумаңдаған.

Қоңыр шектен күй үзілме,
Тарих иісі киізімде...
Тор байталдың тағдыры тұр,
Сары өгіздің мүйізінде.

Құлап аққан Құралайда,
Ақсу қайда, Нұра қайда?!
Елдің бәрі экономист,
Екіден бір құрамай ма?!

1994.



Нұраның нұры

С.А.Нығметовке

Бітік егін басып тұрса даласын,
Биіктерден көрсең бүгін баласын.
Топырақтан тоқтығыңды аласың,
Атыраптан бақытыңды табасың!

Қызыл Империя құлады, ел дүрлікті,
Тағы тағдыр қиындатты тірлікті,
Сақтаған соң, азаматы бірлікті,
Нұраңызға одан әрі гүл бітті.

Отар-отар қой ауылы тарады,
Қатар-қатар бай ауылды талады.
Жұпыны жұрт сағалады қаланы,
Ал, Нұраңыз орынында қалады!

Бұл арқаның береке ғой бұлағы
Ауылдарға барғым келіп тұрады.
Қасірет қой, қаншама ауыл құлады.
Азаматтар таратпады "Нұраны"!

Ырысы ынтымақта деген елі,
Ерен еңбек қоздырар делебені,
Баяғыдай еңбектің ерен ері
Комбайндар - егінжайдың кемелері!

Еңбегі елін бүгінде паң дегізген,
Диканының ұйқысын таңдар үзген,
Ұжымға ұйтқы болып нан жегізген,
Ел басқарған ерлерін хан дегізген!

Ағайын ба ауылды сұрамаған,
Ауыл көп ажар тайып, тұралаған,
Сол баяғы қалпында Нұрада - адам,
Ауылы бар, бір үйі құламаған!

Келеді астыққа алқап, ұра толып.
Нұраға жатыр бүгін жыр аталып,
Кешегі миллиардтардан мұрат алып,
Бүгінгі абыройы жүр аталып!

Қиындығы нарықтың біліпбеген,
Бірлігі бір кісідей бүлінбеген.
Кеңсесінің есігі ілінбеген,
Ауылында тракторы дүрілдеген!

Қырманы ақ бидайын селдетуде,
Суаттары даласын көлдетуде,
Кеншарлары керемет келбетінде,
Бір ғажап аудан осы жер бетінде!

Жыңғылды бұл өлкені жыр мақтауда,
Сұрағам жоқ өңірді жырлап сауға.
Орын беріп отырғам жоқ құр мақтауға,
Ауылды аңсаған жыр-құндақтауда!

Бетпақ дала-кешегі "Құлан өтпес",
Шыңғыстан қалған із бе ылаңы шектес,
Таңдайыңа тамызсаң бұлағы септес,
Нұраның тарихы бар, шырағы тектес!

Қара адам

Ақшасы арын тонаған,
Аяғы ала, жолы арам,
Қабағы қату қабаған,
Қаптап кетті ғой қара адам.
Салық қып тиын санаған,
Ұлысын ұрысы қанаған,
Құлдары ұлдарын сабаған.
Жақсы артын жанығы жалаған,
Қаптап кетті ғой қара адам.

Айырылған елі тобадан,
Данасы далаға қараған.
Сабазы жұрдай санадан,
Саусағын ғана санаған,
Даттап кетті ғой қара адам.
Ақшасы арын тонаған,
Жолама оған, жоламан,
Қабағы қату қабаған,
Не болып кетті заманам,
Қаптап кетті ғой Қара адам.

Ашылып кеткен араны,
"Бастықпын" - дейді жаманы.
Тойында асы - арағы,
Қойнында қару-жарағы.
Қара адам маған қарады,
Қатерлі екен жанары,
Жек көрем осы "Қараны",
Осы ма ақыр заманы?!

Адамдықтары алыс қап,
Достардың ойы жарыспақ,
Дүние билеп санасын,
Ағайын кетті алыстап.
Қиялы кеткен ғарыштап,
Қияли пенде жүр әне,
Бірін-бірі жаныштап,
Не үшін бұлар алыспақ?!

Ақымаққа арам бал ашып,
Ағайын жүр-ау санасып,
"Адамдық" деген ұғымнан,
Адамзат қалды-ау адасып,
Айуандық та пендеге,
Жүреді екен ғой жарасып.

Ел болдық, - дейді егемен,
Екінші ауыл елеген,
Бағытын айтар баланың,
Қария қайда көреген?
Ақылдысымақ көп бізде,
Айғайлап тұрған сөреден.

Күннің артынан күн еред,
Қара аспан қалай түнеред?!
Ұлыңда қамшы, жүген ед,
Қолыңда бүгін шүберек.
Болашағыңды болбырлар,
Немене етіп жіберед?!

Жақсыға жанық жабыстық,
Жолаушы көңіл, тапыстық,
Барады бізді алыс қып.
Жабы мен жайсаң жарыстық,
Тағы мен тарпаң табыстық,

Көмейі бүлкіл көк бозбен,
Көп жерде тостақан қағыстық,
Көрсетіп тонап жатса да,
Көршілерім әлі ыстық.

Сәні бұзылды даланың,
Өзендер қасып табанын,
Қаратау түйіп қабағын,
Жақтырмай ісін қаланың,
Қатулана қарадың,
Талқаны шықса табиғат,
Қай жакқа енді барамын,
Не болып кетер заманым?!

Айырылдық жолдас-жорадан,
Айырылды тобыр тобадан,
Қарайды әне қара Адам,
Қабағы кату қабаған,
Ұнамайды маған сол адам,
Арын ақшасы тонаған,
Қаптап кетті ғой, Қара адам!

1990.

Дос

Дос болды бәрі дос болды,
Дос айтқан сөздер хош болды.
Домалақ түндер тонаған,
Жүрегім жыртық қос болды.

Қай жанды қайдан қайырам,
Дос болды бәрі күлісе.
Қаймағын қалай айырам,
Қайнамай жатып ірісе?!

Дос болды бәрі таптырмас,
Бәрінің ашық араны.
Жақсы деп тұрып жақтырмас,
Жекелеу шапқан қараны.

Естідім алғаш солардан,
Жаттанды сөзін достықтың.
Алыстау барып олардан,
Жапан далаға қос тіктім.

Айлалы шықпас айналаң,
Пенденің пенде ермегі.
Панам болғанда айдала,
Біреуі іздеп келмеді.

Оларсыз сірә ой кем бе?!
...Өлең құйылар селдеткен.
Тасбақа көзді, ей, пенде,
Тасбауыр едің сен неткен?!

Жалғыз деп пе едің мені шын?!
Қайтемін сендей бөтенді.
Түсінсең бірақ сен үшін,
Тыңдамай кеткем әкемді.

Тыңдамай кеткем, расында,
Көңілім елге көл дегем...
Өйткені әкем жасымда:
Достыққа адал бол деген!

Көзімнің алды мың елес,
Адасып көптен қалдым ба?!
Аяр қулығың түк емес,
Адалдығымның алдында.

1993.



Сенің атың Махамбет
/Жыр-хамса/

1. Бұлыңғыр аспан немесе мұнар күн

Көрінбей күннен бүгін нұр,
Аспаным неге бұлыңғыр?!
Бақытқа зар боп жырым жүр,
Жырымды жылдар жылындыр,
Жылдардан айтар сырым бұл!
Қуаты жетсе құлын жыр,
Паш етсін барлық сырыңды ұл,
Қара жер саған қадаған,
Өлеңім де менің гүлім бір,
Осыны елге ұғындыр!
Ей, Аспан, Аспан бұлыңғыр,
Бұлаңдай алмай ұлың жүр,
Бұғаудан қажып жырым жүр,
Бұратана болған түрім бұл!
Ашылып аспан бұлыңғыр,
Ару күн, бойды жылындыр!
Ару күн, жырды жылындыр!

2. Қазандағы наза

Ақын өлді жиіркеніп,
Өр кеудесін қан өпті.
Жәңгір бабам, жер кеңіп,
Бау - бақша мен тал екті.

Құрбан батыр баласы,
Қазағының жолында.

Кетті осылай, қарашы,
Қазан жаудың қолында!

... Бас болды сол жас бала,
Ауды әлемнің назары.
Бодандықтың маскара,
Жетті өзіне ажалы!

Батырлық пен Ақындық,
Қатар көрер азабын.
Қайтты...сөзді мақұл қып,
Иассауиге қазаның!

Поэзия - батылдық,
Көрінген кеп сүйкенді.
Батырлықсыз ақындық,
Сатқындыққа икемді!

3. Құрыш жырдың басында әлі қылыш тұр

*" Менің атым - Махамбет" атты
мүшәйра өтеді...*
(Теледидардан)

Бассыз ақын жағып тұр
Болмайды еш кешірім.
Ессіз ақын қағып тұр,
ПООЗИЯНЫҢ есігін!

Болмаған соң тілеуі,
Өтті біреуі күй сұрап.
Ақынсымақ біреуі,
Көшеде жүр үй сұрап.

Ерді қайдан табайын,
Сақта құдай қалғанын.

Жәңгірханның сарайын,
Талақ қылғап Тарланым!

Соқыр сана - тақыр ой,
Қажып кетті ақын көп...
Бет жыртысып отыр ғой,
Бірін бірі "қатын" деп!

Жеңіл ойға жем болған,
Желек қалай өседі?!
Қу дүние өңді алған,
Көкейлерін теседі.

Ертеңі үшін алысып,
Көрмеді атқан нұр таңын...
Жыр бәйгеде жарысып,
Атыңды тікті ұрпағың.

Жыр қоспағы жарады
Ұмытпас ұрпақ асылды.
Қайсы жеңіп алады,
Патшадан қалған басыңды!

4. Батыр болжамы (Зікір)

"Сермелді қылыш, сермелді,
Сермелді қылыш, сермелді".
Ар - Намыс жұлқып керменді-
Ереуіл атқа отырып,
Елің соңыңнан ергенді.
Төңкерілген қазанды...
Қара қазан, жас бала -
Ала берді мазанды.
Суыт жүріп, ұмыттың,
Бесін менен азанды.

Қазақ үшін сөйледің,
Біле тұра "жазаңды".
Өзгеден таппай,
Шіркін-ай,
Өзіңнен таптың қазаңды!

"Толарсақтан саз кештің,
Толарсақтан саз кештің".
Тобын бастап аз көштің.
Тоқтамай тартып шығар ең,
Қандасыңман да қан кештің.
Қалай білмей қалдың-ай,
Қанды көзін лаңкестің?!
Алашым деп наз кештің,
Толарсақтан саз кештің,
Өзгеден таппай,
Шіркін-ай
Өз жеріңде баз кештің!

Көкейге күмбір күй келді,
Көкейге күмбір күй келді.
Шашақты найзаң түйрелді.
Есіме алып қайтейін,
Кешегі қайғы-күйбенді.
Ұлылардың ғылымын,
Ұлың мен қызың үйренді.
"Еділдің маңы ен тоғай..."
Елің ғажап күйге енді,
Жаудың да күші күйрелді,
Дұшпаның келді, доспын - деп,
Дос болуды сый көрді,
Жауласудай жиренді.
Жағаңнан алған жандайшап,
Қадады қайта түйменді.
Батырлығыңнан именді,
Ақындығыңнан именді,
Аруағыңнан да именді!

5. Махамбеттің жауының қазіргі бейнесі

Батырды мерт қылғанда Ықыластың қолында
Махамбеттің өз қылышы болған деседі.
Өйткені Ықылас ақынның құрдас досы болып
жүрсе керек. Ол кезде серттесіп дос болғандар
қаруларын айырбастахғды екен.

Есімбек қарияның әңгімесінен

Сыйдың сәні сәлемде,
Дауысыңның өктемі.
Жабылмай тұр әлемде
Мен-Мендіктің мектебі.

Жабылмай тұр әлемде,
Мен-Мендіктің мектебі.
Қалады екен өленде,
Жақсылардың өткені.

Қате басып қадамды,
Мен де жүрмін ұнамай.
Жақсыменен жаманды,
Құрдас қылған құдай-ай!

Кемтар екен кей сана,
Жүрек тірі жүр деме.
Былдырлайды бейшара,
Жаттап алып бірдене.

Келген жаным қайтшы енді,
Алдым өмір азыңнан.
Аяр пенде айтшы енді,
Құран қалай жазылған?!

Қарағанды вальсі

Әні мен сөзін жазған:
Дәулет Ырысбайұлы

Ақбөкенді Арқаның даласында,
Ару қыз бар Қарағанды қаласында.
Менің жалын сезімімнің,
Менің шыдам, төзімімнің,
Шынары сен боласың ба?! - 2 рет

Ерке қыз - елігіндей сенің далам,
Ен далам берерің көп сенің маған.
Арқадағы алқа күздің,
Қарақат көз қалқа қыздың,
Мекені осы - менің қалам. - 2 рет

Сен үшін жүрегімнің сезімі шын,
Мені шын жаратқан ба төзім үшін.
Қарлығаштың ұясындай,
Қырандардың қиясындай,
Қарағандым — өзім үшін! — 2 рет

Қарағандым, қалмасыншы балаңда мұң,
Балаң болдым ,бағым ба бағаландым?!
Достық пенен шапағаттың,
Жастық пенен махаббаттың
Бесігі сен - Қарағандым - 2рет

Менің қаяу көңілімнің,
Менің қызық өмірімнің,
Бесігі сен - Қарағандым. — 2 рет



Сен деп соққан жүрегім

Әні: Ерслан Жақыпхановтікі

Ең аяулы арманым,
Айды құшар бар ма күн?!
Басқа бақыт алмадым
Атса бірге тандарым.
Ең сүйікті ардағым,
Бұдан артық бар ма әнім?!
Өзің ғана арманым,
Өзің білші қалғанын!

Сен деп соқса жүрегім,
Сең соққандай жүремін.
Сенсіз қалай күлемін?
Сенсіз қалай жүремін?
Жүрегімде гүл едің,
Гүлге мекен жүрегім.
Көңілімде жыр едің,
Көктем - шуақ нұр едің!

Аққулы айдын көңілің,
Ақ гүлімнің елі кім?!
Еркін өскен елігім,
Сеніміме берігім.
Көркем гүлім, көрігім,
Сен сүйкімді серігім,
Ерке қызы елінің,
Сендей сүйер мені кім?!



Көбелектің көлеңкесі

Тағдырдан тасыр жүрегім налып,
Қаламды мұңға жүр едім малып.
Санамда менің бүршік аттың сен,
Көктемдегідей гүл өңін жарып!

Сыршыл сезімге сыр тұна түстің,
Құрық салдырмай, құлпыра түстің.
Мамырың туып, марқайған сайын,
Гүлім-ау сені жыр қыла түстім.

Өлең боп бүгін тіліме байландың,
Өзгеден бұрын түсіндің айдарлым.
Арсыздар өмір сүрген аралда,
Ара қонбаған гүліме айналдың.

Салмақсыз, сансыз ебелек пенде,
Естері шығып, елең еткенде.
Құлпырып тұрған гүліме осы,
Көлеңке түспесін көбелектен де!

Еліктей көріп, елеуде ортаң,
Сенің сезімің демеуде әр таң.
Гүлдердің көріп тағдырын күзде,
Өзіңді гүлге тенеуге қорқам!

Адалдығымен адасса аңғал,
Адасқан түннің алдында таң бар!
Сүрген өмірде сүріну де көп,
Құлатпаса болды құлама жарлар!

Асығып тұрам көргенше сені,
Ет жүрегімнің енгенше реңі.
Сендегі сезім мазалап өтсін,
Өмірде осы, өлгенше мені!

07.01.2004.

Түпсіз дүние түксіз

Жаным-ай, сені жаңылмай таптым,
Есіміңді жазып, тұмар ғып тақтым.
Жабырқап жүрген кездерден алып,
Жан жүрегіме жалын ойнаттың!

Жаным- ау сені жаңылмай таптым,
Жан жүрегіме жалын ойнаттың.
Шабыт- нұр төгер шамшырағыңды,
Жаным- ау менің жадымда жақтың.

Шамшырағыңды айналып ұштым ,
Балшырыныңа байланып құштым.
Ақ балапандай арман- сезімді,
Аяулым менің қайда алып ұштың?!

Жүрегімді бүгін жүр қыз жаралап,
Жырымды жаздым гүл- қызға балап.
Өзіңді іздеп өмір- аспанда,
Жүрмін ғой жаным жұлдыз аралап.

Дүниенің мына, түрінде күнә,
Тіліңді дүние, тірімде ұғына.
Тұрайын құшып өзінді жаным,
Қарағандының түнінде мына!

Сезім

Өлең өртеп, жалын санам,
Сенің атың жазарым.
Аударамын жаным саған,
Бар жаһанның назарын.

Көзің сенің - бұлақ мөлдір,
Шөкім бұлтсыз көңілің.
Сөзің неге жырақтап жүр,
Сенсіз қайғы өмірім.

Саған ғана арналады,
Ақырғы сөз - аптабым.
Қашан енді жалғанады,
Бақыт құшқан бақта түн?!

Жалт еткенде, жанарыңнан,
Жарқ етеді бір сезім.
Жаздым өлең жаңа нұрдан,
Жаным соны білші озің.

Жаным мынау жабырқаған,
Жылу іздеп шаршаған.
Жүрегіме таңырқағам...
Жылатқанда қанша адам!

Жанашыр көп бір тілекті,
Айтқандары ем ғана.
Қан тулатқан бұл жүректі,
Түсінген жан сен ғана.

Адамзаттың парызы көп,
Айтып ауыз талады.
Ғашықтықтың аңызы боп,
Сенің атың қалады!

Төзім

Жеңілтек қыз жеңімнен тартып,
Желкенді қайықтай жылжыдым.
Сенің дидарың сезімде шалқып,
Өлең боп шығып жүр мұңым!

Көзіңнің жасы - тазалығындай,
Гүлдерге қонған шықтардың.
Көңіліме қонып таза лағылдай,
Жеңілтек қыздан құтқардың.

Желегін үзіп жебір тағдырым,
Жетім жүрегім жеген таяғын.
Жаратқан сенің жазған жарлығың,
Айлы түн сенің берген аяның.

Жанымды жақсы көрген жандардан,
Жүрегімді менің сұрап ал.
Өлеңдер өрем саған таңдардан,
Қалмады менде бір амал.

Жаралы жүрек, жалаңаш қалып,
Жанымды қояр жер таппай.
Жан-жағым бәрі жалаңаштанып,
Жалғыз қалып ем ел таппай.

Өмірде өтті талай күресім,
Ауырған жүрек ем таппай.
Алдымда менің қалай жүресің,
Мен ішкен уды, сен татпай?!

Жаңылмас жүрек берген сертінен,
Еш шара менде қалған жоқ.
Махаббатымның Ұлы дертінен,
Ауырмай өлсем арман жоқ!

Өзің

Әні: Қалиасқар Шыныбектегінікі


Қызғалдақтай түрің,
Қыз қылықты күнім.
Үзе алмадым бүгін,
Қырдың қызыл гүлін!

Сенім артқан жарым,
Сен боласың жаным.
Қызыл арай таңым,
Қызғалдақтай бағым.

Қырда ойнаған лағым,
Құлпырасың бағым.
Толқынданған сағым -
Толықсыған шағың!

Жаным бүгін жалын,
Жалын, жүрек сағын.
Сағынамын жаным,
Табын жүрек, табын.

Елендейтін сезім,
Сенем, - дейтін сөзің.
Таусылғанда төзім,
Мені емдейтін өзің!



Ажарыңдағы айға ұмтылдым

Екеуміз екі жүрек едік,
Бір жүрек болдық жүре келіп.
Сүйікті жан сезімге жақын,
Сүйген жүрекке гүл егелік.

Сүйген жүрекке гүл егелік,
Сүйкімді, әне күледі елік.
Шуағын шашқан күн еді көрік
Күндей көрігім жүреді келіп.

Көкіректе кетті ашылып жырым,
Тау бұлағындай тасынып бүгін.
Бұлт арасынан ашылып күнім,
Шуаққа шомылдыр шашылып нұрың.

Махаббат деген мәңгілік екен,
Бәрібір сені ән қылып өтем.
Патсайы жаныңды паң қылып өтем,
Нөпірке сені таң қылып өтем.

Сенің жаныңда базарым бай,
Махаббат менің ажалымдай.
Талғамның ғажап тазалығындай,
Көзінде күн, ажарыңда ай.

20.10.03.

Кешегі қыз сен емес

Кешегі күн, кешегі гүл,
Көзімізден көшеді өмір.
Елестер елес, көп елес,
Күнің мен түнің тең емес,
Кешегі гүлім сен емес,
көп елес!

Самал өрген бұрымыңды,
Сағындым ғой қылығыңды.
Шалқар шағым шалғайдасың,
Кешегі қыз сен қайдасың?!
Арман шіркін, алдай ма шын?!
Сен қайдасың?!

Бұлтқа қонған бұлбұлымсың,
Бұйығы өскен бір гүлімсің.
Ақ бұлақтың сылдырындай,
Ақ бөпенің былдырындай,
Ақ жүрегің жырды ұғынбай,
Жүр жылынбай!

Аққу құс аппақ, қайың ақ,
Аппақ жүрегің - айым ақ.
Өңімді түстей жорыппын,
Ойнады бізбен тобық, түн.
Кешегі қызбен жолықтым!
Жолықтың!

Ерке жетім - елік те

Нарт жанып алма беттерің,
Бал-бұлақ арман еткенім.
Қып-қызыл шоқтай ерінің,
Тыным таппай кеткенім.

Қызық көз қарасың да,
Қымбат кез, қаласың ба?!
Еліктің ерке лағы да,
Жетім өз даласында.

Ақ, сүттей аппақ білегің,
Атынды жаттап жүремін.
Тілеушің болып барады,
Өзімді ұмытқан жүрегім.

Не деген, ғажайып қылық?!
Түспесін құтырған құрық.
Көгімде ұшқан кептерім,
Қараймын, мен жерде тұрып.

Өзіңді жаным, күн,-дедім,
Көрсем, күннің күлгенін.
Өмірдің қызығы қанша,
Өзіңсіз өтсе күндерім?!

Даламның мінезі дархан,
Бір бөлек өзіңнің ортаң.

Жанарың жалт еткеніндей,
Жаңа әнсің мендегі қалқам.

Көңілдің хошы - бітімі,
Қосылып шықса түтіні.
Жалғыздың жаралы жаны,
Өмірдің осы үкімі.

Жүрек босқа желікпе,
Жаным әнге елікте.
Адамның еншісі арман,
Ерке - жетім елік те.

Жан, - деп жанарың қарады,
Жаным жалын боп барады.
Өртеніп сүйген жүректен
Махаббат әні тарады.
Махаббат әлі қалады!

12.03.02.

Сен — Менсің

Тұнтыныш,
Тым- тырыс.
Бұл бір күш,
Бұлқыныс!

Бір сезім,
Білші өзің.
Тіл...көзің...,
Бұл кезің...

Көзің ...қас...
Көзде жас...
Сөзім рас,
Сезім мас!

Селк еттің,
Селт еттім.
Мөлт еттің,
Серт еттім.

Көнгенсің,
Өлгенсің.
Сенгенсің,
Сен - Менсің!

Биші қыз

Буын жоқ сенде,
бұлдырап кетті көз деген,
Булығып өлең,
бұлқынып шыққан кезде мен.
Өзіндікі емес,
өрімтал анау өз денең,
Өлең боп кеттің,
жеткізе алмаспын сөзбенен!

Былқылда тағы,
балғын денеңе бақ қонған,
Сары далама
сұлулық сенен аттанған.
Сахнаға анау,
шығып кете жаздап шақ қалғам.
Сарыарқам менің
көркіңе сенің шаттанған.

Құлпырасың сен,
тербелген желмен гүлмісің?!
Жасай бересің,
бір мүсіннен соң бір мүсін.
Бұл мүсіндердің
қайдан алғансың үлгісін?!
Тал бойыңа
табындырып қойып күллісін!

Қолыңды жайсаң,
шағала қанат майысқан
Қос жанарыңнан
жарқ етіп жалын, жай ұшқан.

Құдіретті өнерге
құлын мүшеңіз сай - ықшам.
Қалпынды осы
қалай деп жаным айтсам?!

Тимеші тағдыр,
кербезін бидің кемітпе,
Ұрлама уақыт,
сұлулық қымбат елікке.
Көктемін сыйла,
назданған осы көрікке,
Қылықтыларым
құрықтылар үшін келіп пе?!

Ғажайып қандай,
өнердің сәні түр-түсі,
Бір кісі билеп,
таңданып жатса мың кісі.
Келеді бәрі
құпия сырын білгісі,
Сүйкімді, назды,
биші қыздардың күлкісі.

P.S.
Аңсап өтемін өмірде биші күлкісін,
Жылап та тұрып күлетін шығар,
кім білсін?!

15.11.03.

Ханым

Жаным,
Мен үшін ғана - Ханым!
Жарым,
Шығып барады жаным.
Балым,
Қиындады менің хәлім,
Ақ сумен жуындыр,
Ағарсын Арым!
Ханым,
Тұла бойым - Жалын,
Жаным,
Зерттей бер жардың арын.
Жарым,
Айналам толған залым.
Арым,
Құдай бұйыртқан бағым!
Ханым,
Сен де маған табын,
Барым,
балаларым ғой - бағым.
Балым,
тәттіден уланған жаным.
Жарым,
қайнайды менің қаным!
Балым,
Жапырақ жайсын талың,
Жаным,
Сөнбесін ерте шамың!
Жаным,
Арылсын күнадан арым,
Көз жасыңмен жуындыр,
Тазарсын Тәнім!

11.05.03.

Бақыт төсегі

" Махаббаттың мың түрлі құпиясы бар"

Хорезми

Махаббаттан сыр туады мың түрлі,
Мына бізге түңілігін түн түрді.
Миуалы бақтай бақыт төсегі,
Маңайда үн, абыр-сабыр іркілді.

Еріксіз де, ессіз де мен дауасыз,
Еміренген ет жүрегім ауасыз.
Енді білдім, енді ғана иландым,
Еркек ғұмыр кеше алмайды "науасыз".

Ебелекпін желге берген еркімді,
Ел білмейді бойда жанған өртімді.
Есімді әрең жинадым да, өрнектеп,
Ең соңында жырға қостым көркінді.

Рақымы осы шығар жалғанның,
Рауан таңның арасында қалған мұң.
Разымын жарлығыңа жаратқан
Рахатын көргендеймін Арманның.

Енді не бар бұдан артық дәл маған,
Ес жинадым шапағатты таңда аман.
Ел білетін күйбең қайта басталды,
Ессіз өмір кімнен осы қалмаған?!

Көзіңе нұр жауып кетіп, жұмғандай,
Көрік кеудең дем алмайды, тынғандай.
Керімсалым кердең қақтым қасыңда
Көрген жанға дәл осындай түн қандай?!

Өзіңе

Сүйген жоқпын дәл өзіндей ешкімді,
Сүйіп тұрып саған өлең кеш күлді.
Сүйіктім сен, сүйгенім сен, сен ғана...
Сүйіп, талып бара жатып ес кірді.

Үнімді саған, түнімді саған арнадым,
Үрпек балапандай үріккен менің таңдарым
Үлбірете үріп, сыйлаған сені кім десем:
Үндемей қалдың... үкідей менің Ардағым!

Исінген жүрек, иілді қайта бас болып,
Иірген жіптей ит өмір кетті басталып.
Иілген басым, бүгілген тізем, өзіңе,
Именген болам қынадай шыққан тас жарып.

Гүлім де сенсің, күнім де сенсің, шуағым,
Гүл болып кетсең, көбелек болып туамын.
Гүл жайнан тұрсаң, көңілім көктем болады,
Гүл өмірімнің білмеймін немен тынарын!

Ең үлкен бақыт мен үшін сенің жаныңда
Елес боп кетсем, ешкімге жаным жалынба!
Екеуміз ғана өртеніп сүйген ғашықтар,
Екеуміз ғана оранған от пен жалынға!

Наурыздың қары - нақақтан таза нұрымсың,
Нар тұлғам мына назыңа сенің ұрынсын.
Нәрім де саған, барым да саған, өзіңе,
Налыса жаның, от құшағыма жүгінсін.

Ішімде бәрі, ессіз кеткен де кездерім,
Ірілік іздеп, іш-құса болды сөздерім.

Ізгілік іздем, шарқ ұрып тұрған шағымда,
Іңкәр үмітпен қарайды сенің көздерің.

Мен ғана бармын сен үшін мына жалғанда,
Мені сүйгенсің, ешқашан оған арланба!
Махаббатыңды мақтаныш етіп, мені ойла,
Мен кетіп қалып... есіңе ертең алғанда.

07.01.02.



Аяла мені, Ардақтым

Жасымнан шіркін жақсы көрмеген мені ешкім,
Жаным-ау келіп жүрегіңмен сенің кеңестім.
Таңғала берсін, тарихқа енсін тағдырым,
"Тағылы" жаным, тамырыңмен сенің тел өстім.
Аялай берші, аймалай берші ардақтым,
Ақыл ойыңа артық үкімін салмақ кім?!
Дүние міне жалын боп жанып тұр жаным,
Ал жаным, сенің меншігіңде ғана қалмақпын.
Асыл жар ғана түсінер адамдығыңды,
Түсінбей кетсе құдірет ғалам мұңымды.
Шыңырау терең шындығым менің ақиқат,
Шыңыраудың жанында айтып кетейін шынымды.
Ойыңды жаным опырып шолақ өрмеші,
Шолақ ойлардың шошаласына көнбеші.
Шұғыласына шомылып шаттықтың арай таңында,
Менің өмірімді өңдеші жаным, өңдеші.
Сен білесің бе бар еді менде бір арман,
Сол бір арманнан ғұмырым менің құралған.
Қарап тұрсаңыз адамның бойы кіл арман,
Бар арманымды сен ғана жаным біле алған!
Сен ғана жаным жанымды менің ұға алған!
Бара жатыр ғой құдіретті сөзім құндалып,
Жатпаса - дағы жаман адамға тыңдалып.
Адалдықты анау аңсайтын мына жүректі,
Жұлмалап бір күн, кететін шығармын жынданып!
Құдірет болмас, кетермін бір күн жарықсыз,
Жарықсыз жалғанда жан жарым болып қалыпсыз.
Жан жүрегіме жағатын отты анық сіз,
Жан-жағымды қоршап жалғыз өзіңіз қалыпсыз.

Босанған жүрек, түсінші жаным бос тұрмас,
Бос болмай жүрсең де, боғын езгендер дос қылмас.
Боталап көзім, бата деп сөзін байқармын
Бағымды менің аша алар мекен дос-құрдас?!
Ақ тілегімді арнаған әппақ арайға,
Ал, әппақ арай қадіріме шіркін, қарай ма?!
Ардақты аспан астында адасып кетсем мен,
Жанымда менің қалмай қойшы сен, жарай ма?
Өскен ем жаным, өскелең мына даламын,
Өсе берсем ғой, өлең боп, өрт боп барамын.
Өртеніп кеткен өндірілер қанша өмірде,
Өрт ішінде өзің деп, өртенбей жаным қаламын!

P.S.
Құлдыраған тірлікті құрықпенен,
Қуып келем бұрынғы ғұрыппенен.
Қырық деген құдірет осы ма едің,
Қырық ойды сапанда іріктеген!
Мен осындай ғұрыппен жүріп келем!

10.09.03.

Жалын -Жаным

Ақ қайыңым, шашыңды жел өреді,
Ақ қайығым ескегіңді су өбеді.
Ақша бұлт, аспанымда ай қалқиды,
Ақ төсіңнен көктемнің лебі аңқиды.

Ай - Аруым, аймаладым.
Ақ дидарың - Ай қабағың.
Аяулым, Аяулым,
Аяулым - ай!

Ақ құсым, аққуымсың көлге көрік,
Ақ көйлекті Ару қыз ерге серік.
Аспанның асты жаным өзіңмен кең,
Ақтарылып жатқандай сезімнен сең!

Ай - Аруым, аймаладым.
Ақ дидарың - Ай қабағың.
Аяулым, Аяулым,
Аяулым - ай!

Ақ кемем жүзген көңіл айдынынан,
Алыстаттың ғұмырымды қайғы-мұңнан.
Сезімімнің шоғын үрлеп, жалын еттің,
Жалыныммен өртедім, жаным өптім.

Ай - Аруым, Ай қабағым,
Ақ дидарым - аймаладым.
Аяулым, Аяулым,
Аяулым-ай!

Сыр

Жаксы көр,
сүй, жүр, жат,
Тапшы нәр,
күй, тіл қат.
Бақ сынар,
Сый бұл сәт,
Тапсын жар
- күй, бұл хақ!

Жай ғана,
сол беттен...
Аймала
мол, өктем.
Ай ғана сәл шөккен,
Қайдала сол көктем!

Бір тежеп,
үнсіз-ақ...
Бір мезет, тілсіз қап...
Елгезек тұр сыздап,
Бұл кезек мінсіз бақ!

- Бұл кімнің...
- Сықыр ол,
Түндердің сыры мол.
- Кімдердің жыры сол?!
- Тілдердің жұмысы ол!

Адамдай тоналған,
Қадамдай жоғалған.
Қарамай, қадалғам,
Жаралай жан алғам!
Осы еді Ақ Арман!

24.05.03.

Қыз - Ару

Қыз құмарымыз,
Таң арайы білінген,
Күз - күнәлі қыз,
Тағдыры таспа тілінген.
Біз кінәліміз,
Көп нәрсеге бүлінген.
Сіз сыңарысыз,
Ертеңі озған бүгіннен.

Гүл көркемдігің,
Өмір отында өртенер,
Жыр - желкенді ұғым
Көңілді тыңда, еркелер.
Сыр - еркең гүлім
Сезімді сенің бүркенер,
Бұл - көркем жырым,
Мұңайған кезде бір келер.

Қыз - Аруымыз,
Ардақтай білсек жарасар,
Соз - қаруымыз,
Алдасаң ару адасар.

Тез жануымыз
Болашағына бал ашар.
Көз салуымыз,
Құпия сырға жол ашар.

Гүл құлпырасың,
Күндейсің шуақ сыйлаған.
Бір сыр тұнасың
Кім дейсің мені қимаған.
Нұр бір тынасың
Сезімді сендір тыймаған.
Жыр бұлқынасың,
Жүректі дүрсіл қинаған!

Кешір мені

Кешір мені, кездессем мен адасып,
Енді саған арнамаймын бір өлең.
Өмір өтер аярлармен күресіп,
Жүрек жүдеу әділетсіз дүреден.

Кешір мені, бәріне өзім кінәлі,
Ақылды адам жасамайды қателік.
Мен жасаған қате менен күнәні,
Өтем енді өз мойныммен көтеріп.

Кешір мені мінезімнен көремін,
Жақын жүрсе сәтсіздік пен сор маған.
Зар жүректен зәр боп шықса өлеңім,
Дәл сол кезде жақындау дос бол маған.

Кешір мені, сен өмірде мен десең,
Менің терең мұң жырыма барып көр.
Өзің жайлы сырларым көп, сенбесең,
Жырым-жырым жүрегімді жарып көр.

Кешір менің аласұрған шағымды,
Адам үшін, алай-түлей кезім бұл.
Аңсағанмын әппақ қанат бағымды,
Ал қалғанын ар алдында өзің біл!

2003.

Мектептегі махаббат

Сезімді шайқап сырларың,
Өзіңді жаным жырладым.
Сөз мүсін сыйлап жүрсем де,
Сәулем сен елең қылмадың,
Жырлаудан жаным тынбадым!

Басқаға қимас "гүл" - дедім,
Сен мені көзге ілмедің.
Түсіндім кейін себебін,
Сүйгенің көнбей жүргенің,
Сен мені бірден білмедің.

Түсініп, біліп қалыппын,
Сен неден жаным жалықтың,
Сәуленді ғана қалдырдың,
Болдың да өзің жарық күн,
Аңыздарындай халықтың.

Өкініші көп өткеннің,
Кінәлап сені сөкпедім,
Армандап жүрген алаңсыз,
Оралар ма екен көктемім?!
Арман бола ма өткенім?!

1985.

Шумаққа сыйған сырлар

Бақытты жандар, бақытты жандар ғашықтар,
Сырласа қалсаң, ақ жүрегіңді ашып қал.
Қисынын келтір, қиылмас үшін үміттер,
Алшысынан түсе бермейді асықтар.

* * *

Көлеңкелеп көп жүргендей көк есек,
Екеуіміздің сыртымызда көп өсек.
Құлын-ғұмыр, құрық-мыстан аңдыған,
Не боламыз соның бәрін елесек!

Елдің сөзі қуат беред, дес беред,
Тым еркелеу мінезімді сес көред,
Артымыздан сөз қылғаны жақсылық,
Екеуімізді елемесе не істер ек?!

* * *

Біттіңдер ме кінәласып,
Енді сендерден күнә қашық.
Дегенмен аяр көздердің,
Тұр әлі араны ашық.

Айтпаған сыр да қалмады,
Тырауы тырнаны алдады,
Ендігі сезімнің сөзі,
Осы ғой жырда қалғаны...

* * *

Еркелігің лағындай еліктің,
Жан жүрегін жігіттердің еріттің.
Мына өмірге шынын айтсам, Ай-ару,
Сұлулығың үшін ғана келіппін.

Арғымақтай арқандалған жүрегім,
Мен өзіңнен ұзай алмай жүремін.
Үкілі үміт, өзің ғана тауып бер,
Жүдеу тартқан жүрегімнің бір емін.

* * *

Қаршадай қыз, қайда сенің пәктігің
Жас тәніңе қара күйе жақты кім?!
Іздеп жүріп көңіліңнің шаттығын,
Жоғалттың ба жүрегіңнің ақтығын?!

Қаршадай қыз қасиетті қызғалдақ,
Сияқтысың бұл күндері бұзған бақ.
Құдіреттің құралайы сен едің,
Құлан тағдыр құлатты ма құзға алдап!

* * *

Тостаған көзді толтырып
тонған жүрек, жас арман.
Тобық тастап ойнаған,
ғұмыр қалай жасалған?!
Үлкен үйде үмітің,
күт есігі ашылар.
Өректіген жүрегің,
өрт сөнгендей басылар.

Жаратқан иең жасаған,
тағдырыңнан аса алмай.
Көнесіңде қоясың,
жанарыңа жас алмай.
Маңдайыңда жазылған,
мықты жазу бар екен,
Өкінесің өмір деп,
өксігіңді баса алмай...

* * *

Еске түсіп, бір істен соң, бір ісің,
Ауырлатты-ау жүрегімнің дыбысын.
Өзің жайлы ойлауменен о, тоба,
Қайта-қайта тарылады тынысым.

Өмір шіркін, сен боп менен өш алдың,
Таңданамын, неткен нәзік, осалмын.
Сезімімді сенен қалған, жаралы,
Қайтқан құстың қиқуына қосармын.

Жүрегімнің түбінде жүр асыл тас,
Айдын көңілім, аққу сырын жасырмас.
Кеудем менің күркіреген көк аспан,
Жанарымнан жаңбыр жаумай ашылмас...

1996.

* * *

Аң ізіндей айқын сонардың,
Махаббат та қан болар мың.
Бекежан, Дантес бұғып жатпасын,
Қарайын маңын қос обалардың.

Қодарлар көп қой қорлаған ерін,
Қозыларымды қолдаған едім.
Маңдайы шодыр мақұлықтардан,
Махаббат сені қорғаған едім!

Көңіл құсы

Бұл қалай өзі...
Біткені ме төзімнің?!
Қойнына кірдім, сендер жайлы сезімнің.
Төсегінен көк көрпелі көктемнің,
Оятып алшы асылын айтып сөзіңнің.

Ерке қылықтарың, ерке көктемде ер емі,
Өлеңім құрбым сырымды айтып береді.
Тағы бір көктем қалаға жеткен сияқты,
Көңілімнің құстары қашан келеді?!

Қиялым шіркін тереңдеп кетті теңізге,
Жатырмын ояу, жындысың дейді-ау ел бізге.
Керуен ойлардың келеміп кербез көшінде,
Света, Қалтай, оята салшы сегізге.

Жалынды жырсыз жастық шағыңның оты кем,
Мен өзі бүгін, қиялмен қыдырып кетіп ем.
Іздемеймін ұйқысыз өткен түндерді,
Өлеңсіз өткен күндерім болса өкінем.

1986.

Жігерлендіру

Отыр дейсің бұл халіңе кім күліп?!
Опық жеме басталды деп бір бүлік.
Өмір осы тез құбылып тұрады,
...Таңданба қыз тастады деп бір жігіт.

Ала қарға анаң емес аяған,
Ақ нұр үміт үзер дейсің қай адам?!
Кесірлі болма, кешірімді бол жан құрбы,
Адасса біреу, саялы бол, Саяжан!

Сәтті сағатың ертең бе, әлде, бүгін бе?!
Шегіне жетпей шегінбе құрбым, сүрінбе.
Еккен ағашың өспесе басқа егерсің,
Өспеді деп өмірден жаным түңілме.

Өкініштеріңді, өртелген хаттай тастама,
Ренжисің кейде қасың түгілі, досқа да.
Сағына жүріп, сарғая күттің сарылып,
Сағынып көріп шығарып салма басқаға.

Талайлар әлі бақыт деп сені тандайды,
Ақылды жандар асау тірлікті аңдайды.
Тасыған кезде, арнаңды тауып ағарсың,
Адал жүректің қандары тоқтап қалмайды.

1986.

Ақсақал аңызы

Ел орнына отырғанда кешкілік,
Есентай қарт бес жылайтын, бес күліп.
Адамдық пен пенделіктің күресі —
Жанып келіп, жаһанамда өшті үміт!

Алғаш мен де ойлағам алжыған деп,
(Алжуында бір себеп бар шығар тек).
Бақыт құсын жоғалтып жас кезінде,
Тозған жанның жүрегін қамшылар кек.

Жолым түсіп, бір күні "шалға" келдім,
Жауап іздеп, жан сырын жалғап едім.
Тағдырдан таяқ жеген адам екен,
Шерткенде шежіресін, аңдап едім.

Домбырасын қолға алып "алжыған шал",
Жиырма бесін кешегі тағы да аңсар...
- Кегімді қайтаруға арнап едім,
Қандалмай кетті дейді қайран қанжар.

Бастап кетті ақсақал әңгімесін:
- Сылқым жігіт сен бүгін паң күлесің,
Біздің заман, бұл кезге ұқсамады,
Өтті ғой жағып бізге бар күйесін.

Мен де өзіндей бозбала, жас болғанмын,
Ғашықтықтың бал күнін бастағанмын.
Таза судай мөлдір ед махаббатым,
Көрдін бе тағдыр қалай ластағанын?!

Өтіп кетті емес пе қайран күнім,
Менің де көзім тоймас болған гүлім.
Алтыбақан басында сезетінбіз,
Мен — жігіт, ол бойжеткен болғандығын.

Сол гүлімді солмастай жүре бердім,
Айлы түн ақсүйекке бірге келдім.
Елден шыққан бір есер масқаралап,
Сол гүліммен жасапты "түн ермегін".

Өжет қыз болушы еді елдеп ерек,
Сұр жылан қайдан бізге келді өрмелеп...
Сол таңда ару алыс жолға аттанды,
Өзіне-өзі қанжардан өлім тілеп.

Әне, осылай махаббат жайрап қалды,
Өмір менің қолымды байлап та алды.
Ғашығымды өлтірген осы қанжар,
Сақтап соны келемін, қайрап мәңгі.

Кегім кетті, іздеумен өтті бар күн,
...Қайран қанжар тозығы жетті ме тым?!
Қылшылдаған өткір ем қанжар тектес,
Қанжар тозып сынады, бір күн бәлкім.

Бақытымнан мен солай айырылғам,
- деді ақсақал арылмай қайғы-мұңнан.
- Жігерлі жігіт едім, амал қанша,
Кегімді ала алмадым бай ұлынан.

Пеңделікпен көндім мен тағдырыма,
Сиып кеттім тағдырдың тарлығына...
Айлы түн, алтыбақан, ару ғашық,
Шал сағынып қарайды барлығына.

Басы бүтін, үй-жайы тұрса-дағы,
Ғашықтық, жүрегіне мұң салады.
Шын сүю, деген сірә осы шығар,
Жүректе жүр, ғашық көз жұмса- дағы.

Ескі көз еске алады өткендерін,
Ұмытылмай сүйген жүрек, өпкен ерін.
Адамның алжуында аңыз жатыр,
Адамдар ақ сақалды сөкпе тегін.

Ақсақалды аңсаған жиырма бесін,
"Алжыған шал" деуге мен қимас едім.
Баладай масаттанып қуанады,
Данадай жақын тартып сыйласа кім!!!

Шын ғашықтық күн сайын гүлденеді,
Қартаймайды махаббат, түрленді.
Қария өткен күні дүниеден,
Сертке айналған сезімі бірге өледі!

1986.

Наурыз - ерке қыз

Ашуын басып атаңның,
Келдің бе есен, ерке қыз?!
Сәбиі бүкіл Жаһанның,
Өзіңе карап елітеміз!

Наурыз - көктем еркесі,
Періште көңіл тазалық.
Сырылып түсті көрпесі,
Бейіште өмір бозарып.

Жеттің бе жасыл ғажайып,
Жастықтың жанын қытықтап.
Тебіренбеуімнің өзі айып,
Табиғат жатса құттықтап.

Ару күн төгіп шуағын,
Қалғандай ғашық көз тігіп.
Білгендей бұл күн туарып,
Тіршілік кетті тез тұрып.

Қаңқылдап қаздар далада,
Шашуыңды да шаша кел.
Алдыңнан шыққан балаға,
Құшағыңды, Наурыз, аша бер!

Көктем

Сары даламның сағымынан сыр бактым,
Сәбиге тән, иісіндей құндақтың.
Түсіп келед аспанынан ақпанның,
Адамзатқа көктем-қолын бұлғап күн!

Көктен түскен көктемге мен тіл қаттым,
..Бұл ғаламда мәңгілікке тұрмақ кім?!
Қысылғаннан қыста жылжып барады,
Ақ пен кара, оюын сап сырмақтың.

Еске түсер жастық шағың, өткен күн,
Ақпанда да иісі аңкиды көктемнің.
Ару күннің мейірімді шуағы,
Қанатына еніп жатыр кентердің.

Ғаламзатпен сағынысып көріскен,
Шуақ келді,
Шу ап келді өріске,
Шалдар шолып жағалауын Нұраның,
Күн шуақтап кемпір отыр еңісте.

Таң-тамаша, көз бұлдырап мен тұрдым,
Ел қатарлы жылға қуып, жең түрдім,
Құл тірлікке құдірет сыйлап Ару күн,
Қытықтайды өне бойын кемпірдің.

Жылылыққа не жетеді жалғанда?!
Адам түгіл, табиғатта арманда,
Ақпаннан да ақ таң атып келеді,
Қыстың күнін көктем ұрлап алғандай.

Сай-сайлатып, айқайлатып арай күн,
Ән айтады "Әрайдым-ай әрайдым".
Ақыретімен атып тұрған секілді,
"Ақ киімі" кетіп барад Абайдың.

Қыстан шыққан сарапқа сап сау басын,
Бұқа күлге, ат тақырға аунасын.
Қарға батқан құмалақ та қуаныш,
Айтқызады ақсақалдың тәубасын.

Түніменен ермек қып жұлдызды, айды,
Махаббатшыл жас жігіт қызды ойлайды.
Күн-қабакқа қаймықпас қалың қардың,
Жон арқасын тілгілеп жел тұздайды.

Қыс та қайтты, тас талып, темір өлген,
Көктем келсе көңілім тебіренген.
Көкте күннің аймалап алақаны,
Жердің төсі еліріп, еміренген.

Мен әйтеуір көктем ді жақсы көрем,
Үні де оның, күңі де жақсы дер ем.
Көктеміме көмегі тиер, мүмкін,
Ақпанымнан ақ таңым боп атсын өлең!

1993.

Күзгі ой

Ал енді бал аш,
Сары шашты ағаш,
Сағыныш құшағын жаяды.
Жазыңда жарас,
Сағатпен санас,
Сары қыз саған таяды.

Табиғат-бала,
Тағдырын қара,
Ажары тайған ақ маңдай,
Салп етек дала -
Сағынған ана,
Сары уайымға батқандай.

Қарадым қайран,
Қанатын жайған
Қаздарға қайтқан тізіліп.
Наз кетті ойдан,
Жаз кетті, сайран,
Қыз ғұмыр - жіптей үзіліп.

Қыста арман-гүлім,
Қысқарды бүгін
Жаз жайлы жазған өлеңім,
Құштарлық үнім,
Құстардың тілін,
Жаттап үлгерген жоқ едім.


Аспапда - бұлт,
Астында - жұрт,
Асықтай жатқан бүгінен.
Қашқандай қыстан
Жапырақ ұшқан,
Үілдек жел түнімен.

* * *

Артыңда жазың, жарқын жүз,
Санаңда сыздап салқын сыз.
Жаныңда жүрсе білмеспіз,
Жайдары жанның парқын біз.

Десе де бәрі Алтын күз,
Жаныма жайсыз салқын күз.
Аяндай басып, ақырын,
Алыстап барады Алтын қыз.

1994.



Қыс

Алай-түлей ақпанның ақ бораны,
Қалмады жер бетінде жаппағаны.
Азынап айдалада соққан боран,
Шопан-Ата есінде сақталады.

Ақпанның аппақ қудай шашы мына,
Ақ ұлпа жыр-шашу ғып шаш ұлына.
Тіршіліктің тынысы тарылғандай,
Не жетсін көк аспанның ашығына?!

* * *

Алғашқы қарды түсімде көрдім, түсімде,
Қаһарлы қыс деп қиналма шопан, күрсінбе.
Азынап боран, аязың тістеп алмаса,
Жайдары жаздың қадірін халық білсін бе?!

Алғашқы қарды түсімде көрдім, түсімде,
Ақбоз ат асау, көнбей жүр ердің күшіне.
... Қатал әкеге батылың бармай қарауға,
Жайдары жазың-ананды аңсап жүрсің бе?!

Қайран Жәкен

Жайық Бектұровтың рухына

Адалдық, даналықты пірім деген,
Жаның жайсаң, жанарың күлімдеген.
Ақ мәрмәрға айналып, тұрып қалдың,
"Тар жол, тайғақ кешуде" сүрінбеп ең!

Жыр-дастанды жаздыңыз сыр ақтарып,
Прозаға жүрдіңіз жиі аттанып.
Шежіреде шерттіңіз өткен күннен,
Ахандардың аманаты сияқтанып.

Өткен өмір жатыр жырмен өріліп,
Жүруші едің эфирден де көрініп.
Бес арыстың бетін ашып бердіңіз,
Жетпіс жылда жерде қалған көміліп.

Мойындатып өмірдің асқарларын,
Сіңіріп бойға тарих асқан нәрін.
"Тайбурылдай" көсіліп жазғаныңда,
Жеткіздіңіз ғасырдың дастандарын.

Шыңдалып шыңырау тірлік қайрағында,
Қалып қоймай қыл арқан байлауында.
Кешегі алмағайып замандарда
Келдіңіз дәміп татып Тайганың да.

Құрбан боп кете жаздап жарлы ұғымға,
Көрдіңіз соқпақ жолдың тарлығын да.
Шынында көрген түстей өткен өмір,
Жеңіп бүгін жатырсыз барлығын да!

Соңынды салып тағдыр тар қалыпқа,
Көргеніңді көрді өмір жалтарып та.
Ортаңдағы кешегі шежіре шал,
Жазылып қалды мәңгі "Орталықта"!

Арыс ағамен қоштасу

Достың жанын кемітіп,
Қастың жерін кеңітіп.
Өтті өмірден бір Арыс...
Дүниенің кеңі - түк.

Алакеуім ішінде,
Айналды Адам мүсінге.
Арыстанның айбаты,
Арсыздардың күшінде.

Көңілің кең даладай,
Бақталасқа баладай.
Тақ таласың дал болды,
Сөз айтуға жарамай!

Аяр досың жырыңды,
Асау жаның ұрынды.
Ана жолы бір келіп,
Ақтарып ең сырыңды.

Бекежан бұққан Қособа,
Қособадай осы Ара...
Өлермендер өлтірген
Қош бол Аға, Қош Аға!

2000.

Қайыңдар

Тұрсын Жұмашевтің рухына

Моншақ сырдың мекені еді шоқ қайың,
Жол сап жүрдің шоқ қайыңға сәт сайын,
Кәусар жырдың иесіне от дайын,
Аңсар жұртың, бүгін сол бір жоқ қайың.

Тұр қалыпты бауыры жұмақ Балқаның,
Сұрланыпты өңі өлең-қалқаның.
"Бұғалықты" ақымағы көп Арқаның,
Шығарыпты шоқ қайыңның талқаның.

Күзде де кеп ақ қайыңды сүйген ең,
Іздедім көп, шоқ қайың жоқ билеген.
Іздерің тек-артта қалған күйлі өлең,
Түзде дүрмек, өлеңге бас иген ем.

Сөзің құнды, іздер адам ойлысы,
Көзің мұңлы-қайыңдардың қайғысы.
Төзімді тауысардай сай күші,
Сезімді түсінер дейсің қай кісі.

Мұңын артып ақ қайыңның жас жанға,
Жырда қалқып, жолыңды енді ашқанда.
Мың құмартып жүргеніңде дастанға,
Күн нұры шарпып, ұшып кеттің аспанға.

Ақыл-ардың адамдарын жырлашы,
Жақындар кім, жактырмаса жыр досы.
Адал жанның ақындар ғой құрдасы,
Ақындардың ақ қайындар сырласы!

М. Әуезовке

Кең даламның киелі киіктері,
Қадірлі ұлын, қазір де сүйіпті елі.
Тарихтың тарауына көз жіберсең,
Мен мұңдалап тұратын "биіктері".

Көтерсін деп береді жүкті нарға,
Ұстазсың сен кейінгі мықтыларға.
Шыңғыстарды шығарып биіктерге,
Расулдарды қараттың Мұхтар аға.

Таңдай білген талғамның тазалығын,
Қарапайым ұлысың қазағымның.
"Абай жолын" үлгі етіп ұрпағыңа,
Арқалапсың еліңнің нала-мұңын.

Елжіресе, ел саған елжіресін,
Қазақтың жүрегінде сен жүресің.
Қолына қалам алған қаламгердің,
Түсіне ең бірінші сен кіресің.

1985.

Еске алу

"...Ол Жаңарқада мен Ақтоғайда туғанмен, өнержолында табысып, ат басын Ақмолаға тіреген едік. Бұл аймақтың өнер сүйер жұрты екеуімізді егіздердей қабылдаған болатын. Қазақтың домбырасын сонау Парижде әуелете ойнатқан күйші Алпысбай Тұяқбайұлынан аңдаусызда айырылып қалдым".

(Сазгер Амантай Жұмашевтың әңгімесінен)

Күйінді күмбір, назым-деп қалдым,
Жайдары жан ең жазым боп қалдың.
Қимайтын жанды қинаған жаман,
Қазаңның өзін әзіл деп қалдым.

"Бал дәуренің" іргелі еді,
Өлгенмен бақыт, бірде келеді.
Табиғат ғажап таланттар үшін,
Егіз туғандар бірге өледі.

Тірлікте бәрі сөз келген пенде,
Жалыққан едің ездерден сен де.
Тірі жүргенім болмаса қазір,
Қайғыңнан сенің өзгергем мен де.

Жалған деуші едің, жалған болды ма?!
Мейірімсіз ажал арманды алды ма?!
Қайғыға үйренген қайран Қазағым,
Байқамай тағы айырылып қалды ма?!

Болды ғой жалған — бір өшкір мекен,
Күмбез күйлерінді үлестірем де өтем.
Саңырау құлақты, сорлы пенделер,
Өлген соң сені естір ме екен?!

Жанымды тірлік қинағаны ма,
Құдіретін күйге сыйлағаны ма?!
Алпыс деп қойып атыңды сенің,
Алпысты құдай қимағаны ма?!

Жан едің жүрген алдамай арын,
Асау толқын ең, қалды жай ағын,
Бұлбұлдың үнін бау-бақшаң іздеп,
Аңырап қалды Алмадай жарың.

Естіген өзім, күй күші кете ме?!
Тау едің, қазір биіктеу бетеге.
Жұмада арнап пісірген өзіңе,
Жеті шелпектің иісі жете ме?!

Белгісіз солдат

Сарбаз сәлемі

Ерлан Қажымұратұлы атынан

Селт етпеген даласында майданның,
Аңқылдаған ақ көңілді жайдарлым.
Туған жерге оқтан аман оралып,
Аққа оранып жатырсың ба, Айбарлым?!

Армандаған ақ жүрегің ғаламды,
Артқа тастап жарың менен балаңды.
Бұл дүниенің жалғандығын растап,
Аңыратып кете бардың анаңды.

Ауғанстан-қанды жердің қазанын,
Татып бірге мұңын,шерін, азабын.
Қайран достан қалған мына суретке,
Қарап тұрып қайғылы өлең жазамын.

Хош бол, енді қайран достым, мәңгілік,
Енді өзіңмен сырласпайды таң күліп.
Қалды менде есімің мен елесің,
Жан дауысың жүегімде жаңғырып!

Бір келем

Мына дүние
Оңбағанның қорасы.
Аспан мен жер
Бір өмірдің арасы.
Өзім түгілі, түсіндіре алмай сөзімді
Кетіп барам мен де міне, қарашы?!
Кеткім келер, өмірді қалай қиярмын,
Жетегінде қалып қойдым қиялдың.
Жердің үсті жетіспей тұр тарылып,
Аспап асты кең дейді ғой, сиярмын!
Мен де бір күн топырағымды бүркенем
Дәл өзіндей сайқалдардан үркер ем.
Адамзатқа бір-ақ өмір сыйлайды,
Әділетсіз әлемінен жиіркенем!

P.S.
Мен сенімен сұңғыла сұхбат жасауға,
Аруақ болып, содан кейін бір келем!

Қылық сыры

Сенімімді тірлікте ақта құдай,
Алдыңда адал болам, жақта құдай!
Зіркілдейді ызаның қақпағы ұдай,
Кедейден бай боп туса, сақта құдай!

Бұл тірлікті кім көрінген аралайды,
Жүнжігендер жүрегінді жаралайды.
Кеше жоқ, бүгін бар боп тұрған пенде,
Ешқашан алды-артына қарамайды.

Біреу кем, ал біреуі ірі емес пе?!
Есеріп өтсінші осы тірі елеске.
Бүгін неге құтырады құнсыз адам
Баратын орынымыз бір емес пе?!

Алдымызда құдіреттің ырыс әлі,
Демікпе, біткен жоқ қой тыныс әлі,
Пенде шіркін алдыңда сыпайысып,
Жыртығын көрсетпеуге тырысады.

20.10.03.

Ақын мен атақ

Алуан түрлі сый-сияпат сиқыңды ап,
Сыйға іліксе кім көрінген қутыңдап.
Талас-тартыс, жыбыр-сыбыр бәрі сол,
Шын ақынға - Ақын деген сый қымбат!

Ақылға зар ел қарайды ақынға,
Ақыл оның Ақын деген атында.
Алам деген абыройың, атағың
Болашаққа жазып кеткен хатыңда.

Ақындықты пайдаланған ырымға,
Ей, бейшара, пасықтыққа ұрынба.
Ұлы өнерді пенделікке жарату,
Жасандылық Адамияттық ғұмырда.

Елең қылмай есер менен залымды,
Ақ жүрегім аямашы барыңды.
Айтушыдан тыңдаушымыз аз болса,
Онда біздің елдігіміз дарынды.

Ит те, құс та құр сүйекке мәз болар
Бір май, бір ет аңсар мүмкін азған ар.
Ертеңіне арнап жазсаң, егіліп,
Заманыңда тыңдаушың да аз болар.

11.05.03.

Сайтанды сабасына түсіру

Өзіне жан теңемес,
Өзі ешкімнен кем емес.
Құдай жалғыз, білемін,
Бірақ сен емес!

Сөзіне өзі тең емес,
Пейілі де кең емес.
Құдай жалғыз, білемін
Бірақ сен емес!

Еңкеймеген ер емес,
Ешкімге бұл ел емес.
Құдай жалғыз, білемін
Бірақ сен емес!

Көкірегінде көп елес,
Көңілің бірақ көл емес,
Құдай жалғыз, білемін
Бірақ сен емес!

Жанжалы — жаяу төбелес,
Жан-жағы, зымиян көп егес.
Құдай жалғыз, білемін
Бірақ сен емес!

16.05.02.

Тақ - талақ

Тобыр тоқтап қараса,
Тоқтай алмай мақтанған.
Тойып жеген таласа,
Сауысқандай сақтанған.
Ойы кемтар, аласа,
Сұмдығымен ақталған
Өресің қаласа
Өңсіз өлең жатталған.
Бармақтай бақ таласы,
Соларға өзі шақталған.
Қара басын Хан қылған,
Ханнан да һәм тақ қалған.
...Айтайын деп ақталған,
Аяр ойымен тоқталған.
Адалдары сотталған,
Аярлары тақты алған.
Пенде біткен түсінші,
Бабаңнан да бақ қалған!

20.10.03.

От жүрек

Қанаты қағылған,
Құдайға табынған.
Құдіретті сағынған,
-Қайдамын? - Қағынған
жердемін тарылғап.
Айырма барымнан,
Арайлы таңымнан.
Мал менен жаныңыз
Садаға арымнан.
От жүрек қағынған,
Не өмір табынған?!
Аюың мен емес,
Жемеймін балыңнан!

Мамыр 2003.



Қысқа қайырымдар

* * *

Әжем тағып беріп еді атап тұмар,
Өнер жолы қиын деп, шатақ шығар.
Қиынына ей, өмір кіріп едім,
Ағайын жол бермейді атақ құмар.

* * *

Аққу жырларым, жүзгенде тауып айдынын,
Жүрегім менің жолдаса саған байлығын.
Шипалы болсам, шырылдап жүрген жандарға,
Қара өлеңіммен қамалын бұзып қайғының.

* * *

О, сұмдық-ай!
Алаң ойда қалам бір:
...әруақ қана қалған бізде, адам тұл,
Көлдерінің көсегесі көгермей,
Мұхиттары мұңға батқан заман бұл!

* * *

Өлкесіне келіп өлеңнің,
Өзгеше нұрға бөлендім.
Тегеуірінді-тентек өнердің,
Өртіне түсіп, өлем мың!..

* * *

Тәніңді соншама сен неге сэндедің?!
Пенделер бітпейді сендердің әндерің.
Өмірмен дайын тұр қазулы һәм көрім,
Рухы мықтылар аямас тәндерін!..

* * *

Тәнім Жерді, Рухым сүйген Аспанды,
Құрықты Ажал қуып жетер Қашқанды.
Жазып кетсем болды емес пе ғұмырда
Өмір жайлы дастанды!

* * *

Таң қалдырып, тазармас алақаны,
Жалқау адам жатуды жаратады.
Салақ үйдің иесі ширамаса,
Пысық болып кетеді тарақаны.

Таусылмасын көңілдің асыл әні,
О, асыл ән, қайғыны жасырады.
Думанды, сауық кештер болмаса егер,
Тыныш үйді тышқан да басынады.

* * *

Қар жаумай тұрса кештетіп,
Аяққа симас, ескі етік.
Ақ түтек боран бір күнде,
Әуре боласың ес кетіп,
Еріксіз сияр ескі етік.

Ескі етік кетер жөнделіп,
Өзінше ол да өң беріп.
Тәубаңа тірлік келтірер,
Талғамға жалған тең келіп,
Пенделік, шіркін, пенделік.

Жыртық үш сом

Қаңсырап бір қағылғанда қалтамыз,
Үмітгі біз жігіттерге артамыз.
Есіл жандар, ескермейтін ештеме,
Думан-сайран боп кетеді ортамыз.

Шабыт шіркін шарықтайды арқада,
Қайран көңіл жүрген кезде ортада.
Бар байлықтың бәрін ішіп біткенде
Жыртық үш сом қалып еді қалтада.

Таппасақ та бос көңілден еш пайда,
Мұндай кезде ақыл қайда, ес қайда,
Жырым-жырым, жыртық үш сом қадірсіз,
Өтпей қойды, өтпей қойды ешқайда.

Нені ойлайсың заманыңның тоғында,
Ойлантар дос, оның менен солыңда.
Барып қайттық касса, буфет алдына,
Көңіл бүтін жыртық ақша қолында.

Бойымызға бітіп қалған пенделік,
Пенделік жүр үш сомдықты өңгеріп.
Кетті адамдық бірге ақшамен оралып,
Құдіретті қайран өмір, теңгелік.

Жайрандасып, тойды тағы жалғадық,
Өзімізше жігіттікті қорғадық.
Үш-ақ сомдық көңіл бүтін болсын деп,
"Жыртық үш сом" садағаға арнадық.

Жеп жүрсе де қу өмірдің тепкісін,
Ұнатамын жігіттердің тектісін.
Қолымызда жыртық үш сом жүргенмен,
Дос қылмадық түлкі мінез, ептісін.

Жігітке оңай ел сенімін арта ма...
Ақ жүрегің аман болсын ортада!
Жүген қағып жүріп кеттік тоқтамай,
Жыртық үш сом кете барды қалтада...

...Бойымызға сіңгені ме пенделік,
Пенделік жүр үш сомдықты өңгеріп.
Кетті адамдық ақшаменен сенделіп,
Құдіретті қайран өмір, теңгелік!

1990.



Жарым Адам

Отқа нұрды мен қалай тамыза алам?!
Бір айға өздеріңнен қарыз алам.
Бергені тағдырының сол болған соң,
Қарыз сұрап өтіпті Абыз Адам!

Қасым мен Мұқағали жарымаған,
Түсініп өт осыны жарым Адам!
Байлыққа бас қатырып жүрген жоқпын,
Ұлы өлең көрінгенге дарымаған!

Көкейімен көрсін деп дала берген,
Осы дала біздің елге дана берген.
Құнанбайдың байлығы серік болмай,
Абайдың да артында қала берген.

Аярлардан әрине даңқым дара,
Сендей жанға өзімнің нарқым баға,
Ит пен құс иттей қылған кездерінде,
Мені сақтап қалған ол - Халқым ғана!

23.09.2003.

Жетімек

Ата-анасыз өмірлері мұң-қайғы,
Болашағы бұлдырап қол бұлғайды.
Дүниенің бар қызығы, думаны,
Ана деген жалғыз сөзге тұрмайды.

Мына тірлік, қалай өзі...
Күлмей ме?!
Ызғарлы дем, ызалы өмір үрлей ме...
Ата-ананың мейірімін көрмеген,
Мейірімсіз болып кетіп жүрмей ме?!

Аймаламай алақанның шуағы,
Тебіреніп, тек ішінен тынады.
Текті ұл-қыз алыс кетпес атадан,
Тастандылар тасбауырдан туады.

Таппады ғой осы дерттің ел емін,
Емін іздеп, мен де ойланып келемін.
Мейірімін аңсағанда бір жанның,
Маңдайыңнан сипап жүрсін өлеңім.

Сен де - пенде!..

Сен де пенде!
Пенде Мен де!
Мынау ғалам -
Кімге кеңде?!

Сен өзінді...
Мен өзімді...
Мен қайтейін
Құр сөзінді!..

Сен жерліктің!
Мен жерлікпін!
Керегі не
Көп өрліктің?!

Өзің деп тек өткен дұрыс,
(Өзімді ғана, өпкен дұрыс).
Өзі айдап келген тағдыр,
Өзі кезінде, кеткен дұрыс.

Сен де
Пенде
Мен де,
Менің жаным кем бе?!
Кешірім сұрап келме,
Көнбе!..

27.04.03.

Күншілдік

Күншілдік сұғып пышағын,
Күнде бейнетін құшамын.
Қайтесің, достым, қайтесің,
Өткеннің айтып ұсағын.

Қалған жоқ шығар бізде өші,
Қапы сәттерді тізбеші.
Еске алуына тұратын,
Керекті кездерді іздеші.

Тұтам тірлікті түн қылып,
Жібердің жігерді құм қылып.
Лайланып кеткен кездерден,
Алайын өмірді тұндырып.

1989.

Өмір сыры

Өзекті ойлар өртедің,
Өмірдің өзі көп егес
Тебіренеді тентегім,
Бастаса бір төбелес.

Жанымның жамап жыртығын,
Жақындап ойға көп бардым,
Бет-аузындағы тыртығын,
Беделім дейді сотқарың.

Жұмбақ сырлардың дүркілін,
Шеше алмай ойға көп қалдым.
Жалтарып кейде түлкі ұғым,
Қара өлең саған тоқталдым.

1991.

Қаңбақ

Айыра біл егізін өнермен кім...
Азуы адастырар бөрі туғанды.
Жылап жүріс, өмірі өлерменнің,
Жегідей жеп, жеңеді өр тұлғанды!

Қарасам қара шалдың қабағына,
Кеппеген кешегінің қаны жатыр.
Жүгенінен жүйрік боп жүргендер көп,
Заман тыныш кезінде бәрі батыр!

Көңіл қайтты кей жаннан салмақ күткен,
Өз кенейі түгел болса жоламайды.
Жел соқпай-ақ жеңілтек қаңбақ біткен,
Дауыл тұрса ық іздеп домалайды...

Сабау бас

Жаның кейде күйінер,
Жақсылыққа сүйінер.
Ақылсыз бас кеңкііп,
Ақылды бас иілер.

Көңілдің бір күйі дер,
Табиғаттың сыйын көр.
Қаңбақ басы қатаяр,
Жемісті ағаш иілер.

Орман ойлар үйілер,
Қабақ кейде түйілер.
Сабаздың басы сабаудай,
Салмақты бас иілер.

Қалың қалай? Қайдасың? — Амандасу

Ойлаймын, кім кінәлі?..
Жұмыссыз жүрмін әлі.
Күлетін дұшпанымның,
Қанды ғой бір құмары.

Жаныма дос бол ғалам,
Ал қолым бос болмаған.
Кешегі ақындарда
Сый түгіл, дос болмаған.

Уақытша көркің - гүлің,
Күндей бер, еркің бүгін.
Әйтеуір аман болсын,
Адамдық еркіндігім!

Жан-жүрек, жаура тағы,
Пенденің Науда атағы.
Өлермен көре алмаған,
Өсегін лаулатады.

Жаманы жанын күйлеп,
Шағады жылан ирек,
Иіс алмас достық түрі,
Мен үшін... қалай күймек!

Қу дүние сұмды ұнаттың,
Жүз тұрдым, мың құлаттың.
Көздерін бекіткенсің,
Менсіз де мың бұлақтың!

Өртеніп өтпейінші,
Надандық күйігіңнен.
Төмендеп кетпейінші,
Адамдық биігімнен!

Мен көрген жан

Жетілмеген ақылы,
Жетсе ақылың қарайлас.
Ойбай салды ақыры,
Ойсыз, мисыз — жалаң бас.

Ақыл айтқыш өзгеге,
Өз айтқанын істемес.
Шешен келер сөзге де,
Ойы қараң күсті мес!

Билік құрған - "бірдеңе",
Епті есінді ұрлауға.
Ойбай, онда үндеме,
Қалып қойма құр дауға.

Артың араз, қалған біз,
Ағайынның аласы,
Осылардан қалған із,
Жүрегіңнің жарасы!

Өрмек құрып, өре сал,
Біткен бауыр сөз кеше...
Сұрамай-ақ бере сал,
Бас пайдасын көздесе!

Мектебiм менiң

Мен өзiңмен қашанда мақтана алам,
Жан бар ма екен сенiмiңдi ақтамаған?!
Үкiдей балапаннан үмiт күткен,
Мен үшiн Қасиеттiсiң Мектеп-Анам!

Көктей бер, әр көктемде гүлiңдi егiп,
Ұл-қызың боп өзiңде күлiмдедiк.
Он бiр жылда ұшырдың түлектердi,
От жүрекке жетерлiк бiлiм берiп!

Рухани байлықтан да нәр аламын,
Бағбанның қолынан бал жаладым.
Әрбiр Адам бас иiп, құрметтеген,
Мектеп деген Меккесi әр баланың!

Мен сенi сүйiп өтем жаным барда,
Өзiңде өскен Мырзалар, Ханымдар да.
Сенi әнге қосады әншiлерiм,
Сенде оқыған ақын мен ғалымдар да!

Бiлiмi балаңның көз қарсында,
Ел бақыты бiлiмдi баласында.
Мектеп бiздiң екiншi үйiмiз ғой,
Еркелейiк екi үйдiң арасында.

Десе де адам әр iсiн ыңғайлы етем,
Өсiрген өз мектебiн қимайды екен.
Он бiр жылда жадыма сыйлағаның,
Осы бiр шумақтарға сыймайды екен.

Гүл көмкерiп жылдардың омырауын,
Сенде айтылсын балалық қоңыр әнiм,
Ойдан кетпес, зердемнен шықпас мәңгi,
Он бiр мәрте соғылған Қоңырауым!

Соңғы қоңырауда

Сыңғырла, соңғы қоңырау,
Оятып тылсым тiрлiктi.
Гүлдерге толды омырау,
Көрсетiп гүл, шын бiрлiктi.

Сыңғырла тағы нәзiгiм,
Балалық дәурен-басты арман.
Жеткiзгендейсiң жаз үнiн,
Сезiмiм сенен басталған.

Үнiнде үлкен ұлылық,
Жүректе қалар ұялап.
Тоқташы уақыт, бұрылып,
Бұл шақты кiмдер қия алад!?.

Соғыла бершi дамылдап,
Соңында саған табынам.
Сары күз келiп қонғанда,
Сыңғырыңды әлi сағынам.

Балалық шақты бал еткен,
Мектебiм-ғажап мекенiм.
Айтады үнiң шар еткен,
Өмiрдiң өтпелi екенiн.

Сыңғырла, үндi қоңырым,
Жастықтың сырын шертетiн.
Ғажайып сенде қоңыр үн,
Тас жүректi де елiтетiн.

Арманның таңын атырып,
Үніңнен ұлан нұр күтсін.
Сыңғырың бізді шақырып,
Жамандық болса, үркітсін.

Жалғанға мына бөгіп нұр,
Әлемге үнің тарасын.
Сыңғырың сенің бөліп тұр,
Көктем мен күздің арасын.

Қоңырау үні, қоңыр-ә,
Сән еткен Мектеп-Ордасын.
Соғыла берсін қоңырау,
Тек ғана соңғы болмасын!



Мектеп - достық мекені

Туған жер топырағын,
Сағынып отырамын.
Қайдасың, қайдасыңдар,
Бірге өскен тотыларым..

Кеткен ек әр ізбенен,
Жанымыз егіз деген.
Қайран дос, қайда жүрсің,
Жүрегім сені іздеген!
Көп іздеген!

Достар ек пәк қылықты,
Жастар ек отты, үмітті.
Толқынды, қара бұйра, -
Шашыңа ақ кіріпті.

Гүл тағып омырауға,
Жастықтың оты лаула.
Қоштасып кеткен едік,
Сол соңғы қоңырауда.

Сағындым дала гүлін,
Бал күнім, бала күнім.
Мектепте қалып қойған,
Бармысың, балалығым!

25.03.2002.

Жаңа жылда...

Ренішті қабақ тойлы күнді қорлайды,
Айтпа жаным, айтпа маған ондайды.
Жай күндерде жыласаң да өзің біл,
Жаңа жылда жабырқауға болмайды.

Өткен уақыт қала бермес бәрі есте,
Еліте біл, ертеңгі күн - елеске.
Шырқап әнді, тойла достым бұл түнді,
Жаңа жыл - бұл жаңа туған нәресте.

Ай, күн, сағат жыл мен жылды қосатын,
Жылдар асу, мына біздер асатын.
Биігінде қарсы алыңдар асудың,
Жаңа жыл - бұл келе жатқан жас ақын.

Шауып келеді уақыттың саңлағы,
Өткен күннің көмейде жүр бал дәмі.
Келер күнге үмітпенен қарайық,
Жаңа жыл - бұл, атар таңың алдағы.

Ренішті қабақ тойлы күнді қорлайды,
Айтпа жаным, айтпа маған ондайды.
Жай күндері реңжісең де жетеді,
Жаңа жылда жабырқауға болмайды.

1986.



*Қып-қызыл нарттай қара шың,
Қали-ау, зарлап қаласың.
Қызылдар, ақ боп бөлініп,
Елімнен кетті-ау жарасым.*

Мәдидің соңғы сөзі
("Қазақ әдебиеті" газетінен)

Азаттықты аңсаған ақиық (драмалық поэма)

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Абыз - Замана.

Бала - Заман.

Қыздар, жігіттер.

Мәдидің досы.

Мәди.

Нәзгул.

Түйебай.

Қақабай.

Текеш қажы.

Күтуші жігіт.

Жалбан шал.

Солдаттар.

Губернатор.

Ояз.

I бөлім

Абыз - Замана:

Жерленсе ерің,

Жер болар елің

Өр болса ерің,

Тең болар елің

Басқамен!

Халық - дене, батыр - бас,

Тобыр басын қатырмас.

Денесінен бөлініп,

Әне Батыр, жатыр бас!

Бала - Заман:

Шықпайды Ата есімнен,

Қаншама бас кесілген.

Бұғауды бұздық, әйтпесе

Мына бізді бассыз дене өсірген!

Санамнан қалмайды әлі қанды күні,

Мүмкін мына дүниенің заңдылығы.

Неге осы Абыз аға айтыңызшы:

Иман Жүсіп ақынның тентектігі,

Балуан Шолақ әншінің қашқындығы

Біртуар Мәдиімнің ұрылығы.

Аманғалы ақынның бандылығы?!

Абыз - Замана:

Түсіпбейтін, дәл осы құрылықта,

Жауыздықтап жатса да ел ұрынып та,

Мейірімге зұлымдық бұрылып па?!

Ірілікті айналдырып ұрылыққа,

Ұрпағыңды ұмтылған ұлылыққа,

Жаман атпен тіреді тығырыққа.

Есімі қалған, есіл жандар бұғынбаған,

Ал, аналар жалғанды ұғынбаған!

Даусыз елің,- жаусыз жерің бүгінде Адам!

Бірлігіңнің арқасы ұғын балам!

II бөлім

*Түйебайдың ауылында. Алтыбақан басында. Қыз-
жігіттердің әні мен әңгіме-дүкені.*

Алтыбақанда қыз бен жігіт ән аясында тербеледі.

Ән. Халық әні (хор)

1-қыз: Бәтіш-ау, Байғалимен бірге ән айтып, алтыбақаннан түспейтінің қалай осы?! Екеуіңнің араларыңда бір сүйіспешілік бар-ау, сірә.

2-қыз: Зылиқа, немене көре алмай қалғаның ба? Арамызда шарықтата ән салатын осылар ғой. Содан болар, саған елден ерек көрініп тұрғаны.

1-қыз: Қойшы әрі Қаракөз! Бәріміз де әнші емеспіз бе?

2-қыз: ой, пірім-ай! Осы сенің еркелігің мен еркіндігің Нәзгүлден де асып кетеді-ау кейде.

1-қыз: Қаракөз ойыма жақсы түсірдің ғой, Нәзгүл неге келмеді екен, бүгін.

2-қыз: Ол қалай келсін. Атастырған азаматы ауыл болып келіп жатса... Айтпақшы, олар қонақ жастармен бірге келмекші болған еді ғой. Келіп те қалар.

3-қыз: Қыздар-ау неге оңашалана қалдыңдар. Зылиқа жүр бері кел, енді сен Баймұратпен жұптасып алтыбақан тебесің. Екеуің бірігіп айтқанда әннің де бабы келеді.

(Зылиқа мен Баймұрат алтыбақанға жайғасып отырады).

Зылиқа: Ал жастар бәріміз қосылып айтайық!

"Дудар-ай" әнді хормен орындайды.

(Мәдилер келе жатады).

1-жігіт: қане жастар ауылымызға қонақтар келіп жатыр екен. Ортамыз толсын, ойын-сауығымызды бөлісейік. Төрлетіндер азаматтар. *(Ортаға Мәдимен бірге екі жігіт келіп, өзара амандасып, танысып, білісіп жатыр).*

2-жігіт: Ал жігіттер, ауылымыздың алты ауызы айтылып жатқанда дәл келдіңіздер. Сіздерден болсып қонақ кәде.

Мәдидің досы: Болса, болсын!

Асылық айтып таспайтын жанбыз,

Артық қадам баспайтын жанбыз.

Ойын-сауық отауы болса,

Ән айтудан қашпайтын жанбыз.

1-жігіт: Ау, бәрекелді, өлеңмен сөйлегеніңе қарағанда өнер адамдарына ұқсайсыңдар. Міне, домбыра, шырқап жібер, білмейтін әніміз болса үйреніп қалайық.

Мәдидің досы: Ал, Мәди досым, әуелете ән айтар бір кезің келіп тұр-ау, осы!

(Мәди домбыраны алып, құлақ күйін келтіріп ән бас-тайды).

Ей, Ардақ, сен ақ қоян-ау секеңдеген...

Жастар: *(Шуласып)*

- Ой, бәрекелді!

- Міне нағыз әнші! Деп осыны айт.

- Не деген ғажап дауыс!

1-қыз: Міне, Нәзгүл сұлуымыз да келе жатыр. Қыздар мұнда келіндер. Ортамызға бір керемет тарлан боз жігіттер келіпті. Әнін тыңдайық.

2-жігіт: Кәне Халайық, алтыбақанға кештеу келген айыбы болсын. Нәзгүл қонақ жігітпен алтыбақанда тербелін ән айтсын. *(Мәди мен Нәзгүл алтыбақанда ән айтады).*

Ән " Айттым сәлем қаламқас" Хор.

(Кеш, алаң-елең қоюлана түседі).

1-жігіт: Ал енді аксүйек ойнаймыз. Міне менің қолымдағы аса таяқты көріп тұрсыңдар. Осыны мен айдалаға лақтырамын. Енді бәрің жүрелеп отырып көздеріңді жұмасандар. Одан соң менің жарлығым бойынша орындарыңнан тұрып, алтыбақан тепкен жұптарыңмен бірге іздеп, аса таяқты тауып әкелесіңдер. Ал, басталды.

(Жастар жұптасып тарай бастады).

Алтыбақанға Мәди мен Нәзгүл отырып, күйдің фонында жай ғана тербеле тебеді. Сахна сыртынан жігіт пен қыз даусы кезек оқиды.

Мәди:

Мен ырзамын еліме,

Гүл өсірген шынар ғып.

Жетектеген мені де,

Сізге деген құмарлық!

Нәзгүл:

Айтсайыз да қыр әнін,

Шын жүректің сөзіндей.

Қалай уағда қыламын,
Шын сүйгенің сезілмей.

Мәди:

Жанымды тағзым еткізем,
Тәңірім берсе тілекті.
Қалай айтып жеткізем,
Өректің жүректі.

Нәзгүл:

Жүрегіміз балқыған,
Сырлассаңыз жай табар.
Тау мінезден аңқыған,
Қырандығың байқалар.

Мәди:

Қыран десең - болғаным,
Қанатымды жайдым да.
Өзім болам қорғаның,
Аққуым бол, айдында!

Перде жабылады.

III бөлім

*Елін, ерін, шен-шекпенге сатып, арамза пияғдарының
арқасында ел басқару тізгініне ие болып, жалған лауазым
ды пайдаланып ата-салтын қомағай құлқындарына жем
еткендер тобы азаматын армандаған арудың тағдырын
талқандап отырған шағы.*

Түйебай: - Менің айтарым сол, Құдайдың салғаны-
на қарсы тұрар пенде жоқ. Өлер адам өліп кетті.
Қақабай мырзам, мен қызымды сіздің елге бере алмай-
мын.

Қақабай: - Тұяға, жазмыштан озмыш жоқ екенін
білемін, сонда да, аға өлсе, іні мұра, - деп, ата-салты ата-
стырған қалыңдықтың әмеңгерін алып келіп отырмын.

Түйебай: - Қақабай мырза, ата-салты аяқ асты бол-
масын десең, алдында аға, артыңда іні ағайынның ара
ласқаны жөн шығар. Тағы да қайталап айтамын, оң-со-

лын біліп қалғап қызымды, бесіктен белі енді шыққан
бозтайлағыңа өңгеріп жібермеймін. Мен бұл істің
билігіп айтуға Текеш қажыға жүгінемін.

Текеш қажы: - Қақабай, ескен ұрпақ, текті атаның
баласы едің. Буынсыз жерге пышақ ұрып қайтесің. Ба-
лаларды адам атастырғанмен, құдай қоспаса, шараң не?
Түйе-ағаның Нәзгүлінен басқа да қыздары бар. Тоғыз
үйір қысырағын топтап бер-дағы, құда түсіп келе бер.
Ал бұл жолы жесір қалыңдықты алып кетуге қақыла-
рың жоқ. Адам алдында да, құдай алдында да айтарым
осы. Әумин.

(Мәдидің жастық шақ туралы әні) Әннің фондында.

(Сахнаның алдына Нәзгүл шығады).

Қыз тағдыры дау ма шын?!
Өзіне-өзі жау ғана.
Сылаңдаған сау басым,
Түсіп жатыр саудаға.

Кетсем малға тірек кім?!
Кімге керек ажарым.
Мені сүйген жүректің,
Дайындадым ба, азабын?!

Алабұртқан көңілім,
Іздей берші, жар күйін.
Бірге өтсін деп өмірім,
Ердім саған, Мәдиім!

Аспанда ай жарықта,
Ақ сүйектей іздеттің.
Қалың елде, халықта,
Бақыттылар біз деппін.

Баурап алды сезімді,
Өзің айтқан жыр үні.
Мерт қылмасын өзіңді,
Андықан жау құрығы.

- Құдайым-ау, менің ойым неге бұзылып кетті. Кеше ғана Мәдимен алтыбақан басында кездесіп, уағдаласқанымда, мұндай күйде емес едім ғой. Келбеттің айтқаны рас болғаны ма? Олар шынымен біздің арман жолындағы келісімімізге қарсы тұра ма?! Шынымен солай болса, ардақты менің Мәдиім, неге сен менің көзіме көрініп, өліп қалған сезімімді неге ояттың?!

Е, жаратқан ием, жанын қалдыра көр, мені сүйген жүректің. Мәдидей тұла бойы, ой-арманы кіршіксіз, тап-таза, тазалықтан тәкаппар, аңғал адамды сұрқия заманның сұмдары оңай алдап соға ма деп қорқамын. Жүрегім аласұрып кетті ғой. Япрым-ау, ән неге үзілді?!

(Нәзгүл кете береді. Сахнаға ақсақалдар алдына жас жігіт келеді).

Мәдидің досы: - Қақабай аға, бұл не деген басынғандық. Мәди бауырыңызды түнде белгісіз біреулер таяққа жығыпты. Өне бойында сау жері жоқ. Өзі өлім халінде, алла жар болып тірі қалған екен.

Текеш қажы: *(қолын кеудесіне қойып)*

- Астапыралла! Тағы да не сұмдықты айтып келдің, қарағым. Енді жетпегені бұл елге ердің құны еді. (Сайқал жүзбен, сұрқия мысқылмен). Бұл ауылдың жігіттері момын еді ғой. Сол Мәди бозбалаларың бұйдасын үзіп жүрген өзі шығар.

Қақабай: - Біздің қасиетті тегімізден келе жатқан, атадан балаға қанымен жалғасатын бір қайсар мінез бар еді. Ол ешкімге жазықсыз жәбір көрсетпеу, ал, әлдекімнің қыршаңқы сөзі өтіп, өрімді қамшысы тиіп кетсе, жаралы қасқырдай шабатын. Құдалығым жесір дауына, жесір дауы ер құнына ұласып кетпесе игі еді. Қайта сұраған қалың малдарың ердің құны төлемдерің болып жүрмесін, Түйебай. Ауыздарың нанға, көздерің қанға толғандай ма, қалай?!

Түйебай: Қақабай, қатты кетпе, істің басын ашып алмай тұрып, айналаңнан жау іздеп, көсілгеніңе болайын. Түйебайдың қызын аламын деп келіп, енді жылқы-

сына ауыз салғаның ба?! Мал ашуы — жан ашуы, жетер осы ойнақтағандарың, төрімде.

Қақабай: Сабыр ет, Түйебай, келіссөзді бұлай жүргізбес болар.

Текеш қажы: Мырзалар, ел алдында жүрген адамдармыз ғой. Істің ақ-қарасын анықтап, байыбына барайық. Жастарға "бәлен" деп кесіп айтуға болмайды. Қақабай мырза мүмкін, сол Мәди бауырларыңыздың өзінің кінәсінен болған жағдай шығар. Болмашыға бола, неге сомшама буырқандыңдар. Ел басқарып отырсың, ертең еліңе салған тоқтауың осы дейсің бе?

Қақабай: Болмашы ғана дейсіз бе?! Менің ойымша Мәдиде кіна жоқ, және ол қапылыста ұрынған.

Мәдидің досы: Рас айтасыз, Қақабай аға, Мәдидің жазығы жоқ. Мәдидің кім екенін бірге жүрген біз білеміз. Ол адалдықты, әділеттікті жақсы көреді. Той-салтанаттың сәні болып, әнін салып, ренжіскен ағайынды татуластырғысы келіп тұрады. Адам баласына қиянат жасағанын көрген емеспіз. Оның ақ көңіл, адалдығы адам баласына ұқсамайды. Бәлкім ақындық жүректің биіктігінен болар.

Текеш қажы: Жә,жә, жетер, досыңды қыз алдында мақтағандай, суырылып барасың ғой. Мына жерде біз отырмыз. "Үлкен тұрып, іні сөйлегеннен без",-деуші еді. Мәдиге жасалған қастандық пен арқасына тиген қамшының құнын кім төлесе де, Мәдидің достарына емес, Қақабай мырзаға төлейді. Сондықтан мәселенің түйінін осы үлкендер ақылдасып шешеміз. Ал, сен, көсемсіген ақынжанды бауырым, Мәди досыңды емдеп, домдап, ауылдарына аман-есен алып қайтыңдар.

Қақабай: Сөйлеуге жараса, осында алып келіндер. Бабаларым жебесе, өлмейді, ол. Әруақты бабалары жар болсын!

(Сахнаның сыртынан)

Бабалардың рухтары сөйлейді:

- Ай, сұмдары сұркия заманның, Мәдиді, сендер жалғыздағанмен, бабаларыңның рухы шеттемейді. Тәубадан неге жаңылдыңдар, құдайдың құлдары. Алла жаратқан адал жанды, аяушылығы, ізгілігі мол жүректі сендер қатыгез, жаужүрек етіп шығармақсыңдар, дүние-еңоңыз, мансапқор мінездеріңмен адамзатқа құшағын ашқан ұлы жүректі бұзып-жарып, қылыш қайратын өздеріне қарсы қоймақсыңдар. Ол сендердің жылқыларыңның санына қарап жүрген жоқ, махаббаттың таңын, адамзаттың бағын жырлауға келген. Нәзік жыр туған жүректі қайрасаң, асқан батырлық туатынын ұмытпаңдар, пенделер. Қылыш жүзі жұқарған сайын, өткірлене түседі.

(Екі жігіт Мәдиді алып келеді).

Мәди: Әй, Текеш, қажылығың құдайды алдау, байлығың адамды алдау. Мені сабаған сенің жігіттерің. Өзің берген тапсырмаң бойынша, дегенмен жымысқы бұйрығыңызды дұрыс орындай алмады, қорқауларың.

Текеш қажы: Астапыралла, не дейді мына, патша-һар! *(Дұғасын оқып жібереді).*

Адамды жазықсыз күндеу, пәндаға үлкен күнә. Тоқтатыңдар мына баланы. *(Орнына отыра алмай күйініседі).*

Ондай сұмдықты кімнің аузынан естідіндер. Мүмкін емес!

Мәди: Кешегі жігітсымақтарыңның ауызынан естідім, қанқұмар қорқауларың біріне-бірі "Ұра бер. Аяма, құнын Текеш қажы өзім төлеймін деген" деп самбырлап жүрген. Олар мені өлді деп ойлаған шығар. Менің құнымды Текеш сен төлей алмайсың. Мен оны басқа жолмен, кек жолымен төлетемін. Келесі жылы тура осы уақытта өзіңнің ауылыңда кездесемін.

/Мәдилер сахнадан кетпеді/.

Текеш қажы: Япырым-ай, не боп кетті мына дүние, ел іші бүлінбесе не қылсын!

Қақабай: Қажеке, қалай десең де сойылдың ұшы сор маңдайыңа тіреліп жүрмесін. Ісіңнің тұманды екенін, әу баста-ақ аңғарған едім.

IV бөлім

(Сахнада Мәди жастар ортасында, арасында Қауабай да бар).

Мәдидің досы: Мәди аға, өткендегі әніңіз, қасиетті Қарқаралының ұраны болайын деп сұранып тұрғандай. "Немене көрген қызық көрмегендей" деген жолдарыңыз өте аянышты ма, қалай өзі?

Мәди: Бауырым, мұңлы жүректен ғана тұзы татығап жыр туады. Өлеңімдегі сен сұраған жолдардың әрі өткір, әрі нәзік болатын себебі: Бұл әнім, әділетсіздікке қарсы кек жолында туған еді. Мен малының саны, мансабының қамын ғана ойлайтын, жуан қарын жылпостардың досы емеспін. Ал, ала аяқ болыс, арсыз биге ақысы кетіп жүрген мен сияқтылар көп, солардың досымын, солардың кегін қуамын. Бұл - көгені кедей, көкірегі бай, бүгіні бұлдыр, ертеңі сақадай сай азаматтардың әні, арманы.

Мәдидің досы: Мәди аға, олай болса, осы әніңізді өзіңіз орындап беріңізші. Ықыласпен жақсылап үйреніп, домбырама келтіріп алайын.

Домбыра ұсынады, жастар қостайды. /Мәди ән айтады: " Атыңнан айналайын Қарқаралы".

Ән аяқталып, бәрі тарқайды.

(Сахнада Қақабай теңселіп жүр).

Қақабайдың ойы: Иә, Мәди менің інім, қандасым. Бірақ екеуіміздің жолымыз екі түрлі екен. Болыс, билерді жек көретінін ашық айта бастады. Сондықтан ол менің досым, жанашырым бола қоймас. Ал, жастардың, елдің арасында абырой-беделі күннен күнге өсіп барады. Қалай істесем дұрыс болар екен?!

Қайсарлығыңды сойылым етсем соғатын,
Абыройыңды мансабым етсем қонатын.
Өнеріңді сенің, өзіме ғана қолдансам.
Өр мінезің, шіркін! Қалқан, қорғаным болатын.
Азулы Қақабай атым бар,
Тілімді алмасаң, шайнармын,
Айтқаныммен ғана жүресің,
Ақ жүректі атой салған, айбарлым!
Бақталастарым мен тақталастарыма
Шабарман қылып айдармын.
Өлеңіңмен, өнеріңмен, өреніңмен
Бірге көгеніме әкеп байлармын!

Осы сайлауда өзінің туыстығын ақтап, менің болыс болуыма айтар сөзім, соғар сойылым болмай ма, Мәди!

Қақабай: Әй, қайсың барсың? Жаңағы жастар қайда жүр?

Жігіт-күтуші: Қандай жарлық бересіз, аға?

Қақабай: Сен барып маған Мәдиді шақырып бер. Ақылдасатын шаруам бар. Бәйбішеге айтшы қымыз әкелсін Мәди жанына ешкімді ертпей келсін деп түсіндір.

Жігіт: Құп болады, аға. Қазір шақырып келемін. *(Кетеді).*

Мәди: Тыныштық па? Жай шақырттыңыз ба, Қақабай аға?

Қақабай: Тыныштық, Мәди бауырым! Бірақ жай шақыртқан жоқпын. Сенің есімің елге сыйлы болып, абыройың артып келеді. Бұған, жақын, туған ағаң ретінде мен қатты қуандым. Осы бір қуаныш мені өзіңе тым жақындатып жіберді. Өлеңдерің мен әндерің ел аузында жүр. Енді сен осы өлеңдеріңнің беделін арқалан. Жуық арада сайлау болады. Осы жолы менің болыстыққа түсетінімді естіген шығарсың. Өзіңді сыйлайтып жұртты ұйымдастырып, менің сенімді серігім болсаң деген ойым бар. Келешекте өзіңді ізбасарым етсем дем едім...

Мәди: Ойыңызды түсінемін. Сонда маған не істе демексіз?

Қақабай: Саған артар жүгім көп. Маған көнсең өнеріңді, өлеңдеріңді жұмсайтын жеріңді мен айтар едім.

Мәди: Мепің өлеңім, халқымның батырлығы мен ақындығы.

Қақабай: Жарлы-жақыбай мен кедей-кепшікті елім деп жүрсің. Елің - мына менмін. Ал, ана көп тобыр сен не айтсаң, мен қайда нұсқасам, сонда жүреді.

Мәди: Қақабай аға, мен сізге келіспеймін. Тоқтыққа мас болған шақта өз тобынды тобыр дегенің не?

Қақабай: Сен сияқты талай тарлан жігіттің түбіне, осы келіспеушілік жеткен еді.

Мәди:

Иә, солардың бірі шығармын.

Көппен бірге өскен шынармын.

Даңғойлықтан алысырақ тұрармын.

Өйткені мен ақиқатқа құмармын!

Шен-шекпенге сорлы сойыл болғанша,

Зар шеккенге - өнер сүйген зұмармын.

(Қақабай түнеріп отырып қалады).

Сау болыңыз, кездескенше. *(Шығып кетеді).*

Қақабай: Жарайды.

Жаралған жандай жасыннан,

Қайсар өскен ең жасыннан,

Сөз асырмас басыңнан -

Қалған тұяқсың асылдан.

Қаруым болмадың асынған,

Жолым болмадың ашылған.

Көр енді өз басыңнан,

Жауың боп шықсам қасыңнан!

Жалбан шал: *(Қақабайдың оң қолы, зымиян ойлы серігі, Мәдимен болған әңгімені әрі естіген, әрі естімеген сыңай танытып кіріп келеді).*

- Болыс болмасаң да, болғандай болған, мырзам, неге тұнжырап тұрсың?

Қақабай: Ойланып тұрмын. Сендер қайда, мен қайдамын, ел қайда?

Жалбан шал: Бәсе осындай сұраудың туатынын жаңа ғана сезген едім. Сол үшін кірдім ғой, мен үйіңе, Қақабай бауырым-ау.

Қақабай: *(қуыстана, тіксіне қарап)* Осы сенің көрге түссең де көріпкелдігің қалмайтын шығар, ә. Жырла, нені сездің, нені білдің?!

Жалбан шал: Ойбай, мырзам ештеңе естіген жоқпын. Мен жәй, жәй.

Қақабай: Сөйле, естіген, білгенінді.

Жалбан шал: Мен, ана Мәди бауырыңыздың ашулы түрін көріп даладан "не боп қалды", - деп кірген ем.

Қақабай: Жәрайды. Ақ жайманың бетінде қарайып жатып, ақталма. Сенің естімедім дегенің, елге жайдым дегенің. Одан да өзім айтайын. Жақында болыстыққа сайлау болады.

Жалбан шал: Иә,иә естідім. Оған біздің мырзамыз да түспек.

Қақабай: Қайдағы мырзаң?

Жалбан шал: Ойбай-ау, өзінді айтам да. Өзіңнен асқан мырза бар ма бұл маңда?

Қақабай: Солай, естісең. Соған бір кісідей жұмылып ат салысыңдар. Ал менің ана Мәди інім, қайдағы жоқ біреулерді "ол адал адам", "ол білімді, зерделі жан", "сендердің көсегелерінді көгертеді" деп жар салып жүрген көрінеді.

Жалбан шал: Е, айтса, айта берсін, Мәдиден кейін біз айтамыз, біз де өзіңе жақын туыстың біріміз. Айтамыз елге, Қақабай асылдың сынығы, ақылдың... *(тұтығып қалады).*

Қақабай: Иә, иә, не демексің?

Жалбан шал: Асылдың сынығы, ақылдың тығыны, Жо-жо-жоқ тұнығы деймін.

Қақабай: Жетістірген екенсің! Ағайын болсаңдар, Мәдидің бетін бері қаратыңдар. Осы жолы болыстық-

тан құр қалатын болсам, менен жақсылық күтпендер. Өзімдікі болмаса, өзімнің бір туған ағамды да аямайтынымды білесің!

Жалбан шал: Ойбай-ай, Қақабай бауырым, біздің басымыз өз алдында құлдық ұрады. Ал адам баласына қайыспас Мәдиді қалай көндірмекпін? Жарайды, ол әлі жас қой, оның айтқанының қандай салмағы бар дейсің!

Қақабай: Е, е, мен сендердің саққұлақ екендіктеріңе, көздеріңнің көрегендігіне күмәнім жоқ. Бірақ көкіректерің соқыр. Өткен жылғы Түйебай ауылындағы Текеш қажы ұйымдастырған оқиғадан кейін Мәди ширығып алды. Нағыз көкжалдың бөлтірігі жауына ақырындап, ақылмен шабады. Мәди арық-тұрыққа ауыз салып, бір жұлып кетіп, қаша жөнелетін қорқау емес. Нағыз көкжал тәрізді. Оның болыс-билерге есесі кетті, кек жолында қайтармай тынбайды. Сондықтан болар салмағы батпандай болып, абыройы ел ішінде өсіп кеткендігі. Ал беделді, өнерлі азаматтың айтқаны дүйім елге өтімді болады.

Жалбан шал: Қақабай мырзам, ойың терең сұңғыласың-ау, шіркін. Оның да дұрыс екен. Қолымыздан келген істі аянбаспыз.

Қақабай: Талай сұмдықты көріп, талай сұрқияны тандандырған жан едің. Мәдидің бетін бері қаратуға қандай кеңес бересің?!

Жалбан шал: Мырзам, қайнауы жеткен қайың тал қалай исең де көнеді. Қатарда өскен қарағай қашан да шарт сынады. Мәдиді қол бала - бүркітке айналдыру ешкімнің қолынан келмейді. Ол өзінің жолынан танбайтын жас.

Қақабай: Су аяғын құрдым қылдың ғой, Жәке. Сонда, немене, туған бауырым басқаның тілеуін тілеп, жұртты солардың маңына жипап берсе, ал, мен Қақабай басыммен осы жерде үнсіз отыруым керек пе?!

Жалбан шал: Сабыр ет, мырзам, түйілген жіптің бір ұшын көрсетейін. *(Сал кідіріп).* Менің ойымша, мырза,

Мәдиден уақытша құтылғаның дұрыс. Ол өзінің адалдығын, ақиқатын іздеп келсін. Ол келгенше сенің кенейің түгел болады.

Қақабай:

Асығымды иіріп бер, Жалбаным,
өзім де білемін қалғанын, ха-ха-ха.

Бұл әңгіме ішіңнен шықпасын,

Ауызыңа ие бол, Жалбаным. Бара бер. *(Жалбан шығып кетеді).*

Ал енді өзің біл, ақиқатты аңсаған ақ жүрек, бауырым! Өмір бәрібір сен ойлағандай тап-таза емес. Бұл маңайда не көп, ұрлық көп. Оларды іздеушілер мені айналып өтпейді. Мен кім ұры десем, сол адамды ұры деп санайды бұл манда. Қайралған қылыштай қайсарлығыңды мұқалтпасам осы жолы, Қақабай атым болмасын. Айтқаным жүрмесек, айдалып барып, айдауыма көнетін боласың.

V бөлім

Ауылдың маңы ән-күй, жастар арасында Мәди бар. Қыз-жігіттер жарыса ән айтады.

Солдаттар: Мәди Бәпиұлы, сіз бізбен бірге жүресіз, жиналыңыз.

Мәди: Жайшылық па, жігіттер?

Солдаттар: Үстіңізден түскен арыз бар.

Мәди: Қандай арыз, не үшін әкетпексіздер? Себебін білмей ешқайда да бармаймын.

Солдат: Баянауыл болысынан жоғалған малдың іздеушісі сіздің үстіңізден арыз түсірген. Өзіңіздің елдің кейбір жігіттері арызға қол қойған. Жүріңіз, қалғанын ояздың алдында түсіндіреміз, тездетіңіз, жүріңіз.

(Мәдиді алып кетеді. Жастар шулап қалады). Пауза.

Ояз Г: Мәди Бәпиұлы, Баянауыл аймағынан үш бас мал жоғалған. Осы ұрлықтың іздеушісі сізден көріп отыр.

Мәди: Жалған жала ояз мырза, осындай ұрлық жасамақ түгілі, айтуға ауыз бармайды. Маған неге жала жауып отырғанын түсінбедім. Арыз жазған адамның дәлелі мен айғағы да жоқ.

Ояз Г: Долелі, Мәди Бәпиұлы маңайына топ адам ертіп, ел аралап көп жүреді. Жоғалған малдың ізі ауылдарыңа келген. Оны ағаңыз Қақабай мырза мойындап отыр.

Мәди: Өзім де білгем, жалған лауазымға таласқан, ырылдасқан төбеттер мені тыныш жүргізбейтінін, білгем! Ерік өзінде Ояз мырза, бірақ, өзімнің таза екенімді қайталап айтамын.

Ояз: Ертең калаға жөнелтеміз. Ақ қарасын тағы да қараймыз. Еріп келген адамдарыңыз ертең келсін қоштасуға. Бүгінше осында уақытша қамауда боласың.

VI бөлім

Ағайын арасындағы бақталастықтың құрбанына айналып үлгерген Мәди итжсеккенге айдалып кете барады.

(Сахна, тоғай іші, қашқын шаршап-шалдығып құлап түседі).

Бабалардың рухы: Сенің әзір дәм-тұзың таусылған жоқ. Еліңдегі жетім-жесірлердің бәрі сені күтіп жүр. Сен олардың қорғанышысың. Тағдыр солай, Мәди балам. Бұл қазақтың даласында дәл өзіңнен аумайтын мұңлықтың талайы өткен, олардың біразы сенің замандасың. Тоқтығына қуанатын топтастар көп, ақиқатты аңсаған сендер азсыңдар. Ал қашан да терең батырады да, көп қорқытады. Сондықтан, көтер басыңды, алда сені күрестер шақырып тұр. Біз демедік сені!

Мәди: Уа, қасиетті бабаларым! Аян беріп, жебегендеріңе, тәуба қылдым. Мынау Үшқарадан аумайтын жер екен. О, қайран Үшқара, туған жер сағындырдың ғой.

Көкірегімнен зар күйі төгілді. Ән ғой, бұл сағыныш әні. О, Үшқара, қасиетті жерім. Тыңда менің үнімді, құлын даусым құлағыңа жете ме?!

(Ән, " Үш қара" орындалады).

VII бөлім

(Қақабай болыстың үйі).

Жалбан шал: Өне бойым өзінен-өзі дірілдеп барады, мырзам. Мәди айдаудан қашып кетіпті. Түйебайдың, Текештің жылқыларын шауып алып, кедей-кепшікке таратып беріпті.

Қақабай: Оны қайдан естідің, Жалбан.

Жалбан: Мырзам-ау, дүйім жұрттың аузында қазір Мәди. Айдаудан қалай қайтқаны, жылқыны қалай шапқаны, тіпті кейбір әнші жігіттер Мәдидің әндерін айтып жүр. Солай, мырзам Мәдидің кек алу дәуірі басталғандай, сақ болайық, мырзам!

Қақабай: Бастама Жалбан, қайдағы жоқ сұмдығыңды. Мәдиге менің жазығым жоқ. Сендер, сен сияқтылар оны қашқын атандырып жүрген.

Жалбан шал: Мырзам, менің де кінәм жоқ. Өзіңнің икеміңе көніп, илеуіңде жүрген жанмын, мен бейшара. Мәди мен сияқты панасыздарға, кедей-кепшікке жана-шыр көрінеді...

Қақабай: Жоғал, әрман, шық үйден. Не деп сандырақтап барасың кәрі төбет. Керек етсең көзіңді құртам, алжыған кәр.

(Жалбан шал шығып кетеді).

- Құдай-ау, мына дүние тағы да кері айналғаны ма? Жарайды жаратқанның мандайға жазғанын көріп алармын. Енді қандай әніңді тыңдар екенмін, бауырым!

VIII бөлім

(Семейдегі губернатордың қызмет бөлмесі, бөлмеде Қарқаралы оязы және губернатордың өзі).

Губернатор: Сонымен, менің байқауымша, Қарқаралы өңірінің бел баласы, еліне, жеріне сыйлы Мәди Бәпиұлы ақпатшаның сенімді адамдарына күн көрсетпейтін секілді. Ал оған тыйым салуға сіздің күшіңіз жетпегені ме, ояз мырза.

Ояз: Мархабатты губернатор мырза, біріншіден нақты айғақ жоқ, тек қана, кейбір бай-болыстардың Мәдидің үстінен жазған арыздары бар. Олардың өзі дүдәмәл, шындыққа жанаспайды. Екіншіден қырдағы елдің біреуі арыз жазса, екіншісі Мәди Бәпиұлын ақтайды. Беделді адамдардың Мәди жөніндегі пиғылдарын естігенімде, оны ақын, композитор, өнер адамы ретінде мақтап, көзі ашық, көкірегі ояу сауатты жан екенін дәлелдейді.

Губернатор: Сонда, қалай, ояз мырза? Мәдиді алғаш Сібірге айдағанында қыр болыстарымен бірге өзін ұстап, үкім шығартқан едің ғой. Оны ақтасақ, сол жолғы ұрланған малды қайдан өндіремексін?

Ояз: Мархабатты губернатор мырза. Ол жолғы жоғалған малдың иесі малын бір жыл өткен соң, мүлде басқа ауылдан тапқанын айтып, кешірім өтінген. Соған қарағанда...

Губернатор: Иә, иә, ояз мырза, сөзіңізді растай кетейін. Менің қолыма Мәди Бәпиұлының Сібір генерал-губернаторына жазған арызы түсті. Өзіңді сонымен таныстырайын.

МӘДИДІҢ ХАТЫ

1909 жылы 10 февральда 5 жылға мені жер аударған едіңіз.

Акмолинский облысына Атбасарский оязға қараған Аман-

тайский болысына. Ол жерде тұрғанда маған үйімдегі әкемнен хат келді. Жаман, халсіз науқас болдым деп. Өзім жалғыз, бірге туған туысқан жоқ еді.

Осы себептен аталық, хақына шыдамай үйге келген едім. Келсем әкем өліп қалған екен. Мұндағы жетім бала - жесір қатындардың қаражаты жоқ болған соң, соларға қаражат тауып беріп, бұрынғы Атбасарға қайтамын деп тұрғанымда, оязной бастығы маған қызыл бөрік поштабайын жіберіп шақырды. Мен еш қарсылық қылғаным жоқ, келген едім. Ояз бастығы мені түрмеге жіберді.

...Бұл дүниеде бір жұмысқа екі айыпты болып тұрмын. Бір болыстың ішінде өзім елден ауып. Бір жылы жабылған жала еді партия туралы. Ұрлық қылды деп өтірік 18 ай абақты кестіріп Қақабай Алышбайұлы енді екінші болыстың жамандауымен бес жылға жер ауып тұрмын.

Екі жұмыс бір ұрлыққа сия ма? Мүмкін болса, сізден сұраймын не 5 жылға жер ауғанды қалдырсаңыз екен, не 1 жыл абақтыны.

Гаділ мархабатыңыздан үміткер болып гәріп Мәди.

1911 жыл 10 июль

- дейді Мәдиіңіз, көрдіңіз бе, хат жүйесіне қарасаңыз, көзі қарақты екені көрініп тұр.

(Мәдидің хатының мәтіні " Орталық Қазақстан" газетіндегі Зарқын Тайшыбайдың мақаласынан алынып отыр).

Ояз: Ұлы мәртебелі губернатор мырза, артық айтсам айып етпеңіз. Кейде қатал заңның тізесі, тірексіздің белін бүгіп кететін тәрізді. Мәди Бәпиұлы өнер иесі, орысша сауатты адамның бірі, ел ішіндегі абыройы да баршылық. Осындай тұлғаны азғантай топтың неге жек көріп, соңына түсетініне таңым бар.

Губернатор: Қымбатты Г.Г. мырза, мен сізге саяси тәжірибемнен аз да болса сабақ берейін. Біздің бұрата

на халықтардың ішінде қандай ғылым, қандай тіл, дін, салт болса да өте тез игеретін ел - бұл қазақ халқы.

Ояз: Олай болса, біздер осы өнерлі, білімді азаматтарын неге аждаһа аузынан арашаламаймыз. Ондай зерек, білімді адамдар ұлы Ресейге де пайда әкелер еді ғой.

Губернатор: Қателесесіз Г мырза. Опдай білімді зерек адамдар тым шыншыл келеді. Шыншыл адамның соңынан қалың жұрт тез ереді. Ал жалаң шындықпен діні, тілі бөлек елді ұстап тұра алмайсың.

Ояз: Мәртебелі губернатор мырза, қалың жұрт сонда да осыларды жақтайды.

Губернатор: Дұрыс айтасың қымбатты ояз мырзам! Мәди секілді ақиқатты іздеп айға ұмтылған арыстандар бұл елде жетеді. Көкшетауда Балуан Шолақ, Қазақ жерінің батысында Аманғалы дегендер бар. Санай берсең бұндайлар баршылық. Бірақ бірі қашқын, бірі ұры, бірі банды...

Ояз: Ал, бұларды жақсы көретін елі олай атамайды. Халқы үшін олар әнші, палуан, ел қайраткерлері, сондықтан да ұстап беруге де қарсы болады.

Губернатор: Әрине, ояз мырза. Қай жерде болсын халық өз жанашырын, батырын, ақынын тани біледі. Сондықтан олармен ашық күресуге болмайды. Күреспесең тағы жаман. Бастаушысы бар бүтіндей бір ел ақ патшаның уысынан шығады да кетеді. Уысыңнан шыққан елден Ұлы Ресейге қандай пайда келмек?!

Ояз: Сонда, күресудің жолы қандай? Әділетсіздіктің ізін қалай жасыруға болады, мәртебелім?

Губернатор: Иә, иә, Г. Мырза, мен де осы сұрақ төңірегінде айтайын дегенмін. Ақыны, батыры бар елдің өңеші кең, атақ құмар, шен құмар белсенділері де көп болады. Олар өзара бірін-бірі ит талағандай қылады. Кішкене шен-шекпеннің шетін шығарып қойсаң, өздері де Мәди секілді халыққа жаққан адамдарынан құтылғысы келеді.

Ояз: Терең ойыңыздан енді тәлім ала бастадым мәртебелі губернатор мырза. Кейбір болыстардың аямай арыз жазып, ағайынын да айдап жіберетіні содан болар?!

Губернатор: Дұрыс айтасың Г. Мырза. Қашан да өнерлі, өнегелі жаннан өлермен қатты қорқады. Сол қорқыныш оны жеңіске жеткізеді. Ал сен өлерменді дәл тауып, болыс етіп қоя білсең, өлермен өзі-ақ халықты ертер қасиеттілерін көгендеп береді.

Ояз: Өте ғажап, керемет саясат!

Губернатор: Иә, иә. Ал сен өлерменнің сөзін бетке ұстап, халықтың жанашыры боламын деген басшыларының көзін жойып, оларды банды, ұры, қашқын етіп, ұпайынды түгендейсің. Сол кезде ғана халық тыныш, қызметің жайлы болмақ!

Ояз: Мәртебелі губернатор мырзам! Саясатпен санамның көзін аштыңыз ғой. Құлықтың құдіретін түсіндірдіңіз. Мың да бір рахмет, мырза!

Губернатор: Олай болса, Г. Мырзам. Сол аңызға айналған Мәди батырыңды қапысын тауып ұстап, маған бір көрсетсең еді.

Ояз: Құп болады, мәртебелім. Ақ патшаға адал қызмет етемін.

(Аспанда жасын ойнап, күн күркіреді, сахнада тосыннан Мәди пайда болады. Губернатор қаруына жармасады).

Мәди: Мені көруге неге сонша құштар болдың, *(тегеурінді мысқылмен)* губернатор мырза?! Мәдиді іздеп таппапсың, мен саған өзім келемін. Көктен түскен көк бөрідей ойда-жокта ортаңнан табыламын да, қарғылы қара төбеттей қыңсылатып, зәре-құтыңды аламын. Тіпті түн баласында түсіңе кіріп, ұйықтатпайтын боламын. Міне, бұл жолы да өзім келіп тұрмын, ал ат, ұста, байла, неғып тұрсың, мелшиіп! Атуға сенің дәтің де бармайды, боркемік!

(Мәди жақындаған сайын, губернатордың түрінде қорқыныш ұлғайып, қолындағы қару қатты дірілден түсуге шақ қалады. Ояз аң-таң күйде, селтиіп тұрып қалған).

Мәди:

- Неге сонша, қалшылдай қалдың, қаңбақ тағдыр қаңғыбас. Салмақсыз сайтандар, сендер менен қатты қорқасындар, содан болар соңыма шырақ алып түсеті-идерің. Мен сендерден қорықпаймын қашпаймын. Сондықтан қашқын да, ұры да емеспін, емеспін!

(Мәди ойлы жанарымен алысты шолған күйі, көрермен жаққа бұрылып, өлең оқиды).

Мәдидің монологы

Арбасқан жылан айналаң,
Адаспай қалды қай балаң?!
Қынаптан шыққан қылышпын
Қаскөй Қандасым қайраған.

Арғымақ етіп арманды,
Алашқа бердім алғанды.
Жалтақтай қоймас жан едім,
Жақтырмай барам жалғанды.

Көлденең тұрса көк бестім,
Көк дауыл-ғұмыр көп кештім.
Көп иттен көріп қорлықты,
Көксерек-тағдыр от кештім.

Туғаным-жауым қасымда,
Тулады жалын жасымда.
Қара баланың қазығы,
Қарқаралының басында.

Барымтам болса есепте,
Қарымтам Қаракесекке.

Ақыры адуын жанымды,
Қалдырдың жала, өсекке.

Сонардан соңғы таңғы ізбін,
Талқаның шығар жар-құзбын.
Қалың елімнің ішінде,
Ағайыны көп, жалғызбын.

Сорлатып едім "зорларын",
Қараөткел болды қорғаным.
Қалғып кеткенде ояттым,
Қарқаралының орманын.

Қиялдай жүріп, түсіндім,
Қияннан бүркіт ұшырдым.
Қарқаралының басынан,
Қаралы бұлтын ысырдым.

Болыстың міндім қылаңын,
Орыстың көрдім ылаңын.
Түн қатып жүріп жазғанмын,
Қарқаралының ұранын.

Ту ұстағанды бөлмедім,
Туыстан қасты көрмедім.
Туралап келген ажал жоқ,
Туралап аттың, өлмедім.

Бес қаруымды сайладым,
Бес Бошанымды жайладым.
Имедім итке басымды,
Ит жеккенге де айдадың.

Суынан іштім Қайнардың,
Қайнаған кекке айналдың.
Мені туған жер киелі,
Атыңнан сенің айналдым!

МАЗМҰНЫ

Әр жылдары айтылған пікір, көзқарастар	3
Менің жаным.....	7
Жүректегі жүк.....	8
Шығып кетем бір күні.....	9
Рухілімі.....	10
Отан туралы ой.....	11
Тәуелді боп көргем жоқ.....	12
Ойымдағы Отаным.....	13
Отан аман болсыншы.....	15
Алланың бұйрығы.....	16
Өлерменнің кеудесі.....	17
Сальериге ұқсайды өзі.....	18
Адам, Ғасыр, Жер-Ана.....	19
Бейбіт өмір тіледім жер бетіне.....	21
Пенде, сені аяймын.....	22
Балама.....	23
Үш балам - үш тал гүлім.....	25
Кім болғың келеді?.....	26
Ұлым Ахметке.....	28
Балалық шақ.....	29
Ақ шағала.....	30
Қарындасыма.....	31
Санадағы саңылау.....	32
Жастық шақ.....	33
Мезет.....	34
Отыздың оты.....	36
Отызыншы көктем.....	37
Шалқар көңіл.....	38
Сағат.....	39
Сұғанақ.....	40
Бір адам.....	42
Өмір.....	43
Көшпелі бақыт.....	44

Жүрек.....	45
Нұр-жыр.....	46
Шыбықтан шынар.....	47
Қара өлең.....	48
Тәубелі тілек.....	49
Өмір-өзен.....	50
Жыр-бұлақ.....	51
Сендер мені қимайсыңдар.....	52
Дүние-ай.....	53
Мінәжат.....	54
Толағай мен Қомағай.....	56
Шын ғалымға қатысы жоқ.....	57
Мешіт пен күнәһар.....	58
1986 жыл. Желтоқсан. Алматы.....	59
1986 жыл. Желтоқсан. Қарағанды.....	61
Қарағанды. Қажыған жер.....	62
Игіліктің есімі.....	63
Қыршын ғұмыр.....	64
Сатқындықтың салқыны.....	65
"Білем, қазақ, сенің кім екеніңді".....	66
"Алашқа намыс өлім дегені шын".....	66
Адамдық пен надандықтың күресі немесе Қалғып кетпе ..	67
Талантты надан.....	69
Тағзым ету.....	70
Батыр биігі.....	71
Токтардың биігі.....	73
Жасын.....	74
Қасым тағдыр - қасымда жүр.....	76
Ғасырдың соңғы күндері.....	78
Өкені соңғы сапарға аттандыру.....	80
Ажалдың алдында.....	81
Жүйріктің мінезі.....	82
Аюлы-Ақсу- арманымның мекені.....	83
Ескі ауылды еске алу.....	84
Туған жер.....	85
Нұра жағасында.....	87
Дала.....	88
Нұраның нұры.....	90
Қара адам.....	92
Дос.....	95

Сенің атың - Махамбет! (Жыр-хамса).....	97
1. Бұлыңғыр аспан немесе мұнар күн.....	97
2. Қазандағы наза.....	97
3. Құрыш жырдың басында әлі қылыш тұр.....	98
4. Батыр болжамы.....	99
5. Махамбеттің жауының қазіргі бейнесі.....	101
Қарағанды вальсі (сөзі).....	102
Қарағанды вальсі (нотасы).....	103
Сен деп соққан жүрегім (сөзі).....	104
Сен деп соққан жүрегім (нотасы).....	105
Көбелектің көлеңкесі.....	106
Түпсіз дүние түксіз.....	107
Сезім.....	108
Төзім.....	109
Өзің (сөзі).....	110
Өзің (нотасы).....	111
Ажарындағы айға ұмтылдым.....	112
Кешегі қыз сен емес.....	113
Ерке жетім - елік	114
Сен - Менсің.....	116
Биші қыз.....	117
Ханым.....	119
Бақыт төсегі.....	120
Өзіңе.....	121
Аяла мені, Ардақтым.....	123
Жалын-Жаным.....	125
Сыр.....	126
Қыз-Ару.....	127
Кешір мені.....	128
Мектептегі махаббат.....	129
Шумаққа сыйған сырлар.....	130
"Еске түсіп бір істен соң бір ісің".....	132
"Аң ізіндей айқын сонардың".....	132
Көңіл құсы.....	133
Жігерлендіру.....	134
Ақсақал аңызы.....	135
Наурыз - ерке қыз.....	138
Көктем.....	139
Күзгі	141
Қыс.....	143

Қайран Жәкең.....	144
Арыс атамен қоштасу.....	145
Қайындар.....	146
М.Әуезовке.....	147
Еске алу.....	148
Белгісіз солдат.....	150
Бір келем.....	151
Қылық сыры.....	152
Ақын мен атақ.....	153
Сайтанды сабасына түсіру.....	154
Тақ-талақ.....	155
От жүрек.....	156
Қысқа қайырымдар.....	157
Жыртық үш сом.....	159
Жарым Адам.....	161
Жетімек.....	162
Сен де - пенде!.....	163
Күншілдік.....	164
Өмірсыры.....	164
Қаңбақ.....	165
Сабау бас.....	165
Қалың қалай? Қайдасың? - Амандасу.....	166
Мен көрген жан.....	167
Мектебім менің.....	168
Соңғы қоңырауда.....	169
Мектеп - достық мекені.....	171
Жаңа жылда.....	172
Азаттықты аңсаған ақиық (драмалық поэма).....	174

Дәулет Ырысбайұлы

НҰР

Өлеңдер, драмалық поэма

Бас редакторы: **Нұржігітова М.М.**

Редактордары:

С.Қ.Қарасартова, Ж.Қ.Оспан

Техникалық редакторлары:

Г.С.Қасымова, Е.С.Шөменбаев

Корректоры: **К.Сәтибекова**

Теруге 10.05.2004 ж. жіберілді.

Басуға 20.01.2005 ж. қол қойылды.


Пішімі А5. Көлемі 12, 4 б.т.

Офсеттік қағаз. Ризографиялық басылыс.

Таралымы 1000 дана.

**Осы кітаптың шығуына демеушілік
жасап отырған, өзінің іскер
басшылығымен облыс аумағына есімі
мәлім "Қайнар" ЖШС-нің директоры
НЫҒМЕТОВ Сейітжаппар
Алшынбекұлына көптен-көп
рахметімді айтып, алғыс сезімін
білдіремін. Алла алдағы уақытта да
ісіңізге сәт, жаныңызға қуат бере
берсін.**

Автор



Дәулет ЫРЫСБАЙҰЛЫ

1964 жылы Қарағанды облысының Ақсу-Аюлы кентінде туған. Б.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдаған. Облыстық "Орталық Қазақстан" газетінде, теле-радиокомпанияда қызмет еткен.

Өлеңдері "Шет өңірі ақындарының антологиясына", Қ.Аманжоловтың 90 жылдығына орай шыққан 4 томдық жинаққа енген. 2000 жылы "Ғұмырымның тамшысы" атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Облыстық және республикалық басылымдарда үзбей жарияланып келеді.